

ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ



Ақдәурен

Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті Газет 1937 жылдан бастап шығады Бейсенбі, 29 қазан 2015 жыл №44 (10 560)

● Ел алғысын арқалағандар

ҒАРЫШТЫ ИГЕРГЕН АЛАШ ҰЛДАРЫ

Осыдан 24 жыл бұрын қазақ ғарышкері тұңғыш рет көкке көтерілді. Ол бүгінгі батыр ағамыз, Халық Қаһарманы Тоқ-



тар Әубәкіров. Тоқтар бұрынғы КСРО-ның №72-ші, әлемнің №256-шы, Қазақстанның №1 ғарышкері. Сол тұста қуанбаған, шаттанбаған қазақ болмады. Сол уақытта дүниеге есігін ашқан балалардың есім Тоқтар болды. Қазақ ырымдады. «Үшқыш болсын, Тоқтар ағасындай даңқты болсын» деп. Араға бірнеше жыл салып екінші бір алаш азаматы Талғат Мұсабаев ғарышқа сапар шекті. Талғат әлемнің №309-шы, Ресейдің №79-шы, Қазақстанның №2 ғарышкері. Бір емес, үш рет ғарышқа аттанған қазақ батыры ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, көкте көп күндік жұмыстар жасап, жоспарларды орындады. Енді міне, әлемнің №545-ші, қазақ ғарышкері Айдын Айымбетов те бұл қатарға қосылды. Айдын бұл күнді 12 жыл күтті. Қазақстанның ғарыш саласында жаңа тарих беті ашылды. Қазақ та-

рихында үшінші ғарышкердің есімі алтын әріппен жазылды.

Айдынды тәуелсіз Қазақстан тарихындағы алғашқы ғарышкер екенін айтып жатыр. Олай дейтіні ғарыш кеңістігін бағындырған тұңғыш қазақ Тоқтар Әубәкіров ол кезде КСРО азаматы болса, Кеңес Одағы күйрегеннен кейін 1994, 1998 және 2001 жылдары ғарышта болған Талғат Мұсабаев Ресей азаматтығында болған. Қазғарыштың басшысы ел азаматтығын тек 2007 жылы алған.

Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен қазақ ғарышкері Айдын Айымбетовке «Халық қаһарманы» атағы берілді. Оған «Алтын жұлдыз» бен «Отан» ордені қоса тапсырылды. Сондай-ақ, Айдын Айымбетов «Қазақстанның ғарышкер-үшқышы» құрметті атағын иеленді.

Аударып әлем назарын, Кіргізіп Алаш ажарын. Ғарышқа тағы ұшты, өне, Қаһарман, қайсар, қазағым!... деп ақын Мұқаш Сейітқазинов Айдын ғарышқа ұшқанда өлеңмен Алаш жұртына сүйіншіледі.

Бұл қазақ елі үшін үлкен мақтаныш. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев А.Айымбетовтың ғарышқа ұшуы алдағы уақытта отандық ғарыш саласының одан әрі дамуына серпін беріп, Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін нығайтуға септігін тигізетін айтулы оқиға екенін атап өтті.

Өз тілшімізден.

● «Қазақстан 2020: болашаққа бастар жол»

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ I КЕЗЕҢІН ІСКЕ-АСЫРУДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

23 қазанда ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде ҚР Білім және ғылым вице-министрі Т.Балықбаевтың қатысуымен ат-алған мәселе бойынша брифинг өткізілді.

Брифинг барысында Министрлік өкілдері Тұжырымдаманы іске асырудың бірінші кезеңі (2013-2015 жылдар) аясында орталық және жергілікті атқарушы органдардың құзіреттері мен жауапкершілік аймағын айқындаушы ведомствоаралық қарым-қатынастың тиімді моделі қалыптасқандығын атап өтті. Орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары мен аймақтарды дамыту бағдарламаларына мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру жөніндегі көрсеткіштер енгізілді. Сонымен бірге, аймақтарды дамыту бағдарламаларына жастармен жұмыс жүргізу бойынша көрсеткіштері де енгізілген.

Қазақстанда өрбір төртінші тұрғын жастар санатына жатады (14 пен 29 жас аралығы – 4,5 млн. адам). Білім және ғылым министрлігі құрылымында Жас-

тар саясаты департаменті, ал өңірлерде - Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалар жұмыс атқаруда. Ағымдағы жылдың ақпанында «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заңда мемлекеттік жастар саясаты аясындағы білім, ғылым, денсаулық сақтау, еңбек, кәсіпкерлік, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, діни қызмет, ішкі істер органдары, қорғаныс, қоршаған ортаны қорғау министрліктері мен бұқаралық ақпараттық құралдары салаларындағы орталық мемлекеттік органдардың құзіреттері жіктелген.

Орталық және жергілікті деңгейде барлық санаттағы азаматтарға, соның ішінде жастарға бағытталған жобаларға әлеуметтік тапсырыстарды орнатудың салалық принципі белсенді қолданылуда. 2015 жылы жастар орталықтарымен өзара жұмыс жүргізу мақсатында республикалық бюджеттен 1094,07 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 4256,1 млн. теңге қаржы бөлінді.



● Болашағы біртұтас ел

ТАТУЛЫҚ ПЕН ТЫНЫШ- ТЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Қазақстан халқы Ассамблеясы жүздеген ұлттың басын қосып, арман-тілегін бір арнаға тоғыстырған толеранттылықтың өзге елде жоқ ерекше үлгісі. Аумалы-төкпелі заманда жерімізге қоныс тепкен түрлі этностардың тағдыры бүгінде қазақ елімен бір. Олардың бүгінгі күні бір ғана Отаны бар. Ол - елдігін биік ұстаған Қазақ елі.

Бүгінгі күні ел іргесін нығайту, халықтар бірлігін сақтау, бейбітшілік деген қасиетті ұғымды баянды ету жолындағы ауқымды шаралар мен нақты қадамдар Елбасы Н.Назарбаевтың көреген саясатының арқасында жүзеге асуда. Қазақстанда елдің тұрақтылығы, ұлттар арасындағы татулық қоғам құндылығы саналады. Себебі, тұрақтылық пен татулық ел тәуелсіздігінің басты тұғыры, биік шыңы, болашақтың алтын кілті іспетті. Сондықтан болар, Елбасы өзі жүргізіп отырған саясатта осы қағидаттарды бірінші орынға қояды.

Кеңес Одағының ыдырауы мен тәуелсіздіктің ақ таңы атқан ал-ғашқы жылдары елімізде этностық толқулар күшейді. Бұл аумалы-төкпелі уақыт туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында: «Ең қауіптісі - олар таза ұлттық сипат ала бастады. Ұлт мәселесінің соншалық асқындыруы әуелі теориялық дәрменсіздіктен етек алды», - деп жазған еді. XX ғасырдың соңында еліміздегі бұл үдерістер тек Кеңес мемлекетінде ғана емес, сонымен қатар, бүкіл әлемде орын алған ауқымды ұлттық оянудың көріністері болатын. Осы ретте, Елбасы ел бірлігін басты назарда ұстай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясын құруды қолға алды. Мемлекет

басшысының көреген бұл идеясы 1995 жылы жүзеге асып, ұлт пен ұлысты бір арнаға тоғыстырған саяси ұйым дүниеге келді. Содан бері еліміздегі ұлттар достығының ұйытқысы болып келеді.

Кеңес Одағының ыдырауымен ұлт саясатындағы келеңсіз жағдайлар, мәселен, бір ұлтты жоғары қою арқылы басқаларын төмендетуге, екінші қатарға ысырып тастауға, империялық көңіл күйге тосқауыл қойылды. Ұлт мәселесі ақылды, парасатты шешімдерді қажет ететіндігі мойындалды. Еліміздегі этносаралық, конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты іске асыруда маңызды рөл атқарып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы осының бірден-бір дәлелі.

Біздің ауданымызда да қазақпен біте қайнасып тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан өзге ұлт өкілдері көптеп кездеседі. Солардың ішінде аудан абыройын асырып, әр салада жетістікке жетіп жүргендері жетерлік. Бір сөзбен айтқанда олар да Отанымызды өркендетуге атсалысып жатыр.

Бұл сөз жоқ, елімізді «Мәңгілік ел» идеясы айналасына тоғыстырып, жарқын болашаққа бастап келе жатқан Елбасымыздың тарихи жетістігі. Биылғы 2015 жылдың Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жариялануы да тұрақты дамудың қазақстандық моделін қалыптастыра алған Қазақстан азаматтарының тұтастығы мен бірлігін, татулығы мен тыныштығын дамытуға серпін бермек.

Алтай СМЕТ,
Шет ауданының Құрметті азаматы,
Ақдәур кенті.

ХАЛЫҚТАР ТЕК ШЫНАЙЫ, ӘРІ БЕРІК БЕЙБІТШІЛІКТЕ ҒАНА ӨМІР СҮРЕ АЛАДЫ

23 қазанда «Хельсинки Қорытынды Актісінің (1975) және Астана Саммитінің (2010) мерейтойына ЕҚЫҰ жетістіктері мен сын-қатерлері» атты халықаралық конференция өтті.

Конференция жұмысына ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы, ЕҚЫҰ зиялылар Тобының мүшесі Қасым-Жомарт Тоқаев, Мемлекеттік хатшы Г.Н.Әбдіқалықова, Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов, Сербия Республикасының ЕҚЫҰ-дағы Тұрақты Өкілі Вук Жугич, Қақтығыстардың алдын алу бойынша ЕҚЫҰ Орталығының директоры Марсел Пешко, АҚШ Мемлекеттік департаментінің әскери-саяси мәселелері бойынша Бюросының аға Кеңесшісі Пол Фритч, қауіпсіздік саласындағы қазақстандық және халықаралық жетекші сарапшылар қатысты.

Конференцияда ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық және өзара іс-қимылдың өзекті мәселелері, өңірлік және халықаралық қауіпсіздіктің ауқымды күн тәртібін бірлесіп қалыптастырудың келешегі талқыланды.

Өзінің кіріспе сөзінде Г.Н.Әбдіқалықова конференцияға қатысушыларды Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші мерейтойлық сессиясы барысында көтерген бастамаларына қолдау көрсетуге шақырды.

Гүлшара Әбдіқалықова жалпыеуропалық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру қажеттігін жеткізді, яғни, 1975 жылғы Хельсинки Қорытынды Актісіне қатысушы мемлекеттер келісетін «халықтар тек шынайы, әрі берік бейбітшілікте ғана өмір сүре алады».

Мемлекеттік хатшы ядролық қарусыз аймақты әлемнің өзге өңірлерінде құрудың маңыздылығын айтып, Қазақстан – ядролық полигонды жапқан және ауқымы бойынша төртінші ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартқан, сондай-ақ Орталық Азияда ядросыз аймақ құрған тарихтағы тұңғыш ел екенін атап көрсетті.

Сөзінің соңында Мемлекеттік хатшы Г.Н.Әбдіқалықова конференцияның қазіргі заманғы әлемдік ахуалдың архитектурасын одан әрі нығайтуға және дамуына нақты үлес қосатынына сенім білдірді.

Жас отбасылардың тұрғын үйді жалға алуын қолдау бойынша бағдарламалар жүргізілуде.

Тұжырымдаманың бірінші кезеңінің басты жетістіктерінің бірі ретінде жастар ресурстық орталықтары желісінің кеңеюін айтуға болады. Олардың жалпы саны 213-ке жетіп, орталықтардың жас азаматтарды атаулы қамту саны 960 мыңнан асты. Республикада 1000-нан астам жастар үкіметтік емес ұйымдары жұмыс атқаруда, басымдыларын атап айтсақ: «Жас Отан» жастар қанаты, «Жас ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы, «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірім-дер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі, «Қазақстан жастары конгресі» ЗТБ және т.б.

Жастар ортасындағы ахуалды жан-жақты зерттеу мақсатында «Жастар ғылыми-зерттеу орталығы» ашылып, жыл сайын «Қазақстан жастар» ұлттық баяндамасы шығарылуда.

Аталған жұмыстың басымды бағыттардың тағы бірі ретінде мемлекеттік жастар саясатының ақпараттық сүйемелдеу болып табылады. Министрлік өкілдерімен бірлесіп отырып, жастарды әлеуметтік желілер аясында ақпараттандыру жұмыстарын бастады. «ВКонтакте», «Facebook», «Instagram», «Twitter» және т.б. танымал әлеуметтік желілерінде 50-ден астам республикалық және өңірлік деңгейдегі жастар ұйымдары ашылып, олардың жастарды қамту деңгейі 80 мың адамнан асты.

Қазіргі таңда, Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының II кезеңінің (2016-2020) жобасы дайындалып, орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен келісу процесі жүруде. Екінші кезең барысында өскелең ұрпақты патриоттық рух-та төрбилеу мен ҚР Балалар мен жасөспірімдердің қозғалысын дамыту жөніндегі тұжырымдаманы бекіту жұмыстарына басты көңіл бөлінетін болады.

● **Аудан әкімдігінде**

ШӨП ШАБУ НАУҚАНЫ ОЙДАҒЫДАЙ АЯҚТАЛДЫ

Мал азығының сапалы берік қорын жасау саланы табысты өркендетуге кепілдік берері сөзсіз. Тегінде, мал азығы - болашақ ел азығы деп бекерге айтылмаған. Жуырда аудан әкімдігінің кеңейтілген аппарат отырысында Нұраталды ауылдық округі бойынша мал азығын дайындау жұмыстары туралы округ әкімі С.Ахымбековтің есебі тыңдалды.

Әрине, биыл мал азығын дайындау қай шаруашылықта болмасын ойдағыдай өткерілді. Оған негіз де бар. Ылғал қорының мол болуынан табиғи шөптің шығымдылығы жақсы болды. Нұраталдылықтар пішен дайындауды табыс көзіне айналдырып үлгерген. Оған тас жолдың бойында, әрі қалаға жақын орналасуы да әсер еткені сөзсіз. Кейінгі жылдары көршілес аудандарда мал азығының жетіспеушілігі аңғарылды. Мұны енді мал шаруашылығының дамуынан деп білген жөн. Сондықтан шабылған шөпті тайлап сату жергілікті кәсіпкерлердің сүйікті ісіне айналды. Көршілес аудан тұрмақ көршілес облыс-тардан іздеп келіп алушылар қатары артпаса кемімеуде. Өткен жылы қыс ерте түсіп, көктемнің созылуы қай ауылға болмасын ауыртпашылық туғызды. Мұндайда қолдағы малға беретін азық қорының түгесілуі жағдайды күрделендіре түсетіні белгілі. Нұраталдылықтар қолда барымен көмектескені айқын.

Ағымдағы жылы округ бойынша 10 мың тонна пішен дайындау белгіленген болатын. Нұраталдылықтар жоспарын екі есеге орындап, дайындалған пішен түгелдей тасымалданып алынды. Ақсу елді мекенінде 11 мая, Шопа, Қызылқой ауылдарында тиісінше 3-4 мая тұрғызылды. Ауыл жұртшылығы мал қыстатуға жеткілікті шөпті қора жайларына үйіп алған. Мал азығын дайындау науқанында 72 трактор, 68 шалғы агрегаты қатыстырылды. Осы науқанға «Игілік», «Мерей», «Бурабай», «Ақ тілек», «Кенжебай», «Толқын» шаруа қожалықтары өнімді еңбектенді, - дейді округ әкімі С.Ахымбеков. Сондай-ақ, округте 2700 гектар егін алқабы орылып, гектар берекесі 8,6 центнерден айналды. Ауылдық округте қарасты 5 елді мекен қысқа толық дайын. Жол

үсті болғандықтан оңтүстікке қайтып бара жатқан жүк автокөліктері буылған шөптен алып кетуде екен. Демек шөп саудасы өріс алуда. Бір айтарлығы округте екі шөп алқабын өрістетуге мән берілгендігі. Ауыл шаруашылығы мал бастарын өнімділіктеріне сай толыққанды, құнарлы, азықтандыруға қол жеткізе алсақ, бүгінгі қолда бар ірі қара мал бастары өнімділік көрсеткіштерін ешбір

селекция-лық өрекеттерсіз 30 пайызға дейін көтеруге болатындығы ертеден ғылыми-тәжірибелік негізде дәлелденген.

Округте биыл алғаш рет лән дақылның өсіруге қолға алынды. Біздің аймақта бұл дақыл жақсы өсіп өнетіндігін байқатты. Бұл майлы дақылды өсіруге деген бетбұрыс жалғасын тауып жатса құба-құпп.

Өз тілшімізден.



ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Өткен аптада Астанада Бейбітшілік және келісім сарайында XI Ұлттық жастар дельфи ойындарының салтанатты ашылу рәсімі өткізілді. Мәдени шара Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған.

Дельфи ойындары - түрлі өнер саласындағы көркем өнер, шешендік өнер, әлеуметтік және қолөнерден жас дарындарды анықтайтын жыл сайынғы жарыс. Ұлттық музыка мен дәстүрлі түркі стиліндегі киімдер көрерменнің көз қуанышына айналды. Ұлттық жастар дельфи ойындары «Тарих толқынында» ұранымен өтуде. Сондықтан оның еліміздің мәдени өмірінде алар маңызы зор.

Жыл сайын дельфи ойындары түрлі саладағы нағыз талант иелерін анықтауға көмектеседі. Қатысушылардың құрамы халықаралық стандарттарға сай, әр аталым бойынша талаптар өте қатаң болды. Бұл ойында озық шыққандар 2016 жылы өтетін халықаралық байқауда бақ сынамақ. Байқау аталымдарының қатарына алты аспапта күй ойнау кірген, олар - фортепиано, скрипка, домбыра, аккордеон, саксофон және классикалық гитара.

Осы өткізілген дельфи ойынына «Жастармен жұмыс жасау бойынша орталығының» маманы М.Қанжанов бастап барды. Ауданымыздың өнерпазы Қазақ ұлттық өнер университетінің бірінші курс студенті домбырамен күй ойнаудан Нұрлан Әйгерім жүлделі үшінші орынды жеңіп алып, ауданымыздың намысын қорғап қайтты.

Жеңісін құтты болсын, бұдан да биіктерден көріне бер Әйгерім деген ақ тілегімізді білдіреміз.

Жастармен жұмыс жасау бойынша орталығы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 24 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «ҮЛГІЛІ АУЛА», «ҮЗДІК КІРЕБЕРІС», «ТАЗА КӨШЕ» НОМИНАЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНҒАНЫН ХАБАРЛАЙМЫЗ

Байқауға қатысамын деген үміткерлер ауылдық округтері мен кенттер әкімдері арқылы 2015 жылдың 25 қарашасына дейін ауданның тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автокөлік жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөліміне ұсыныстарын берулері қажет.

«Үлгілі аула», «Үздік кіреберіс», «Таза көше» номинациялары бойынша байқаудың шарты

1. «Үлгілі аула» номинациясына қойылатын талаптар:

- Санитарлық талаптарға сай таза болуы;

- Қоқыс салатын контейнерлермен және урналармен жабдықталуы;

- Ағаш көшеттерінің отырғызылуы;

- Тұрғындармен балалардың демалыс уақыттарын өткізуге арналған алаңдарымен қамтамасыз етілуі;

- Ауланың түнгі уақытта жарықтандырылуы;

- Ауылдық округтері мен кенттер әкімдерінен түскен ұсыныстар міндетті түрде жергілікті тұрғындардың қатысуымен өткізілген отырыс хаттамасының болуы;

- Ауланың сырттан түсірілген фото суреті

2. «Үздік кіреберіс» (подъезд) номинациясына қойылатын талаптар:

- Ғимараттың (тұрғын үй) сырт келбетінің архитектуралық талаптарға сай болуы;

- Кіреберістің санитарлық талаптарға сай таза болуы, сәнді түске боялуы;

- Ғимарат ішіндегі түнгі жарықтандырылуы.

- Ауылдық округтері мен кенттер әкімдерінен түскен ұсыныстар міндетті түрде жергілікті тұрғындардың қатысуымен өткізілген отырыс хаттамасының болуы;

- Ғимарат сырты мен кіреберісі түсірілген фото суреті.

3. «Таза көше» номинациясына қойылатын талаптар:

- Көшенің атауы жазылған тақтайшаларының болуы;

- Көшенің сырт келбеті архитектуралық талаптарға сай, бойында біркелкі орналастырылған және боялған қоршаулардың болуы;

- Түнгі жарық нүктелерімен қамтамасыз етілуі;

- Санитарлық талаптарға сай таза болуы;

- Қоқыс салатын контейнерлермен және урналармен жабдықталуы;

- Ауылдық округтері мен кенттер әкімдерінен түскен ұсыныстар міндетті түрде жергілікті тұрғындардың қатысуымен өткізілген отырыс хаттамасының болуы;

- Көшені сырттан түсірілген фото суреті.

Түскен ұсыныстар бойынша үміткерлер арасынан номинациялар жеңімпаздарын конкурстық комиссия анықтайды. Марапаттау рәсімі Тәуелсіздік күніне орай өткізіледі.

Қосымша ақпаратты 8 71 031 21989 телефоны арқылы алуларыңызға болады.

Өз тілшімізден.

ҮМІТІН ҮКІЛЕГЕН ҮЗДІКТЕРГЕ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 24 жылдығына орай төмендегі **10 «Үздік маман иегерлері»** номинацияларына ұсыныстар мекеме, кәсіпорын және меншік түріне қарамастан барлық ұжымдардан осы жылғы қараша айының 25-не дейін ауданның ішкі саясат бөлімінде қабылданады.

1. «Үздік кәсіпкер» - ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан, өзінің кәсіпкерлік қызметімен жұмыссыздарды жұмыс орындарымен қамтамасыз еткен, қоғамдық саяси мәні бар іс-шараларға белсенді қатысқан, мереке күндері демеушілік еткен, жергілікті жерлердегі мұқтаж ететін азаматтарға қайырымдылық іс-шараларын жүргізген азаматтар.

2. «Үздік құқық қорғау саласының қызметкері» - нәтижелі жұмысымен ерекшеленген адам. Бұл номинацияға прокуратура, сот, ішкі істер, өділет органдарының қызметкерлері ұсынылады.

3. «Үздік денсаулық сақтау саласының маманы» - денсаулық сақтау саласында еңбек етуші. Дәрігерлер, медбикелер, фельдшерлер қатарынан үздік деп танылған адам ұсынылады.

4. «Үздік коммуналдық сала маманы» - ауданның коммуналдық (су, электр тоғы) саласында тұрақты еңбек етуші дәнекерлеуші, электромонтер, сантехник т.б. осы саладағы жұмыскерлер қатарынан ұсынылады.

5. «Үздік байланыс саласының маманы» - байланыс саласында жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген немесе осы салада ұзақ жылдар еңбек еткен маман ұсынылады.

6. «Үздік ауылшаруашылығы саласының маманы» - бұл номинацияға шаруа қожалықтарының жетекшілері, мүшелері, ауылшаруашылық техникаларының жүргізушілері, малшы, диханшылар т.б. ұсынылады.

7. «Үздік тілші» - бұл номинацияға аудандық газет тілшілері мен жергілікті жерлердегі штаттан тыс тілшілер ұсынылады.

8. «Үздік қаржыгер» - қаржы саласын жақсы меңгерген, бұл саладағы қызметтің үздіксіз болуына аянбай еңбек еткен адам болуы қажет.

9. «Үздік мемлекеттік қызметкер» - мемлекеттік мекемеде қызмет ете отырып, жеке шығармашылығымен, жұмысқа деген ынтасымен, өнегелі тәртібімен немесе басқа да жетістіктерімен ерекшеленген адамдар ұсынылады.

10. «Үздік пошта қызметкері» - пошта байланыс саласын дамыту мен сапасын жақсарту жолында өзіндік үлесін қосқандар ұсынылады.

ҚОСЫМША ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- Ұсынылатын үміткердің аты-жөнінің толық жазылуы
- Бірінші басшысының қолымен жазылған толық мінездемесі
- Көлемі 3x4 фотосуретінің болуы
- Ұсынылған номинация саласында 5 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы
- Жетістіктерін, марапаттарын растайтын құжаттардың көшірмелерінің болуы

- Отырыс хаттамасы
- БАҚ-да жарияланған материалдардың болуы
- Құжаттардың барлығы міндетті түрде файл-папкада болуы
- Бірінші басшының ұсыныс хаты

Ауылдық округтері мен кенттерден тапсырылатын ұсыныстар міндетті түрде аудандық мекеме басшыларымен келісілуі қажет.

Түскен ұсыныстар бойынша үміткерлер арасынан номинациялар жеңімпаздарын конкурстық комиссия анықтайды. Марапаттау рәсімі Тәуелсіздік күніне орай өткізіледі.

1. «Үздік кәсіпкер»
2. «Үздік құқық қорғау саласының қызметкері»
3. «Үздік дәрігер»
4. «Үздік коммуналдық сала маманы»
5. «Үздік байланыс саласының маманы»
6. «Үздік ауылшаруашылығы саласының маманы»
7. «Үздік тілші»
8. «Үздік қаржыгер»
9. «Үздік мемлекеттік қызметкер»
10. «Үздік пошта қызметкері»

Ескерту: 25 қарашадан бастап ұсыныстар қабылданбайды.

Ауданның ішкі саясат бөлімі.



АУЫЛДАҒЫ ҚУАНЫШ

Бүгінгі таңда Киікті ауылы жыл өткен сайын өсіп-өркендеп, қанат жаюда. Ауыл азаматтары, жеке бизнес өкілдерінің бастама-сымен көптеген құрылыстар салынды. Тағы бір құрылыс алаңы бірер күнде халық игілігіне беріл-мек.

Осындай игі істердің бірі, көптен күткен қуанышымыз «Балалар ойын алаңы» қолданысқа берілді. Өткен сенбіде «Балалар ойын алаңының» ашылу салтанаты аталып өтілді. Ашылу салтанатында С.Мұқамеджанов атындағы орта мектептің басшысы Г.Құдайбергелі мен тарих пәнінің ұстазы, зейнеткер А.Қаскенқызы лента қию рәсімін жасады. А.Қаскенқызы оқушыларға, қатысқан ойыншыларға өзінің аналық, ұстаздық ақ тілегін айтып, ауылымыздан атақты спортшылар шыға берсін деген тілекпен шашу шашып, қуанышын білдірді.

Ашылу салтанатына орай футболдан жарыс ұйымдастырылып, бес команда, яғни Мойынты ауылынан келген ойыншылар, ауылымыздың теміржол күзет командасы, жұмыскерлер, ауыл жастары, мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің қатысуымен өткізілді. Қатысқан командаларға медаль, алғыс хаттар табыс етіліп, бас кубокті теміржол күзет командасы жеңіп алды. Осындай игі іс шаралар алдағы уақытта да өткізіле бермек.

Талғат МЕЙІРМАН,
спорт нұсқаушысы,
Киікті ауылы.

● **Кент әкімдігінде**

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР МӘСЕЛЕСІ

Жуырда Ақадыр кентінде көмелетке толмаған жасөспірімдер ісі жөнінде отырыс болып өтті. Отырысты аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин ашып, жүргізіп отырды. Сонымен қатар бұл отырысқа М.Мәметова атындағы орта мектебі, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің басшылары және мұғалімдері қатысты.

Отырыста Ә.Ермеков атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлсім Сапарқызы, көмелетке толмағандар істері жөніндегі уәкелілік полиция инспекторы Г.Жолғұтталар хабарлама жасады.

Жалпы әңгіме өзегі көмелетке толмағандар арасында құжатсыз жасөспірімдердің бар екендігі, оның тексеру барысында анықталғандығы, сондай-ақ, Ортау ауылындағы жасөспірімдер мәселесі төңірегінде өрбіді.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары көмелетке толмаған жас өспірімдердің құжаттарын жуық арада заңдастырып, тіркеу керектігін, жалпы жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды қатаң назарда ұстау керектігін айтып ескертіп, аталған сала басшыларына тапсырмалар берді.

Өз тілшімізден.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Шет ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілер тарапынан «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдары мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намысы кодексінің нормаларын бұзу фактілері болған жағдайда ақпаратты хабарлау үшін 8 (71031) 21-3-04 сенім телефоны жұмыс істейді.



ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

17 қыркүйек 2015 жыл

№32/285

Ақсу-Аюлы ауылы

Шет аудандық мәслихатының аппараты «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы №327 «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №86 «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10130 болып тіркелді) сәйкес Шет аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шет аудандық мәслихатының аппараты «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесі бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихат аппаратының басшысына жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н.ЖАНАСБАЕВ.

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Ә.СМАҒҰЛУЛЫ.

Шет аудандық мәслихатының 2015 жылғы 17 қыркүйектегі ХХХІІ сессиясының №32/285 шешімімен бекітілген

ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ «Б» КОРПУСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Шет аудандық мәслихатының аппараты «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы № 327 «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Жарлығын іске асыру үшін әзірленді және «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – қызметшілер) қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу тәсілін айқындайды.

2. Қызметшілердің қызметін жыл сайынғы бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмыс тиімділігі мен сапасын айқындау үшін жүргізіледі.

3. Бағалау мемлекеттік әкімшілік қызметте болған әрбір жыл өткен сайын, көрсетілген мерзім басталған күннен бастап үш айдан кешіктірмей, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап алты айдан ерте емес мерзімде жүргізіледі.

4. Қызметшілерді бағалау мыналардан:
1) қызметшінің тікелей басшысының бағалауы;
2) айналмалы бағалау (қызметшінің қарамағындағы немесе олардың өріптестерінің бағалауы).

Қызметшінің тікелей басшысы оның лауазымдық нұсқаулығына сәйкес өзі бағынатын тұлға болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ ШЕТ АУДАНЫ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

Нормативтік құқықтық акт 2015 жылғы 14 қазандағы нормативтік-құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №3446 болып енгізілді.

5. Бағалау нәтижелері бойынша қызметшілер қызметіндегі кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар әзірленеді, олардың қызметіндегі жақсартуды қажет ететін бағыттар айқындалады, тағылымдамдан өткізу, ілгерілету бойынша ұсыныстар әзірленеді.

6. Қызметшінің соңғы үш жыл бойы екі «қанағаттанарлықсыз» деген баға алуы, оны аттестаттаудан өткізуге негіз болып табылады.

Аттестаттаудан өткізу туралы шешім қабылдау кезінде алдыңғы аттестаттаудан өткізуге негіз болған бағалау нәтижелері ескерілмейді.

7. «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған қызметші мемлекеттік әкімшілік лауазымға алғаш қабылданған тұлға тәлімгер ретінде бекітілмейді.

8. Қызметшінің қорытынды бағасын тұрақты жұмыс істейтін Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) бекітеді, оны қызметшінің лауазымға тағайындау және лауазымынан босату құқығы бар адам құрады.

9. Комиссия кемінде үш мүшеден, соның ішінде төрағадан тұрады.

10. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия төрағасы болып аудандық мәслихат хатшысы табылады.

Комиссия хатшысы мемлекеттік органның персоналды басқару бойынша бас маманы болып табылады. Комиссия хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

Шет аудандық мәслихатының аппараты «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесіне 1-қосымша

ТІКЕЛЕЙ БАСШЫСЫНЫҢ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә: _____ Нысан
Бағаланатын қызметшінің лауазымы: _____

№ р/н	Өлшем	Көрсеткіштің мәні (саны)
1.	Бастамашылығы	2-ден 5-ке дейін
2.	Лауазымды міндеттерін орындау сапасы	2-ден 8-ге дейін
3.	Әрекеттестікке икемділігі	2-ден 5-ке дейін
4.	Қызметтік этиканы сақтауы	2-ден 5-ке дейін
Барлығы (барлық бағалардың бағасы):		

Таныстым:
Қызметші (Т.А.Ә) _____ Тікелей басшы (Т.А.Ә) _____
күні _____ күні _____
қолы _____ қолы _____

Шет аудандық мәслихатының аппараты «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесіне 2-қосымша

АЙНАЛМАЛЫ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә: _____ Нысан
Бағаланатын қызметшінің лауазымы: _____

№ р/н	Өлшем	Көрсеткіштің мәні	Баға (балл)
Жұмысты жоспарлай алу қабілеті		2-ден 5-ке дейін	
Бағынышты адам			
1	Жұмысқа ынталандыру қабілеті Қызметтік этиканы сақтауы Барлығы (барлық бағалардың бағасы):	2-ден 5-ке дейін	
2		2-ден 5-ке дейін	
3		2-ден 5-ке дейін	
Өріптесі			
1	Топта жұмыс істей алу қабілеті Қызметтік этиканы сақтауы Лауазымды міндеттерін орындау сапасы	2-ден 5-ке дейін	
2		2-ден 5-ке дейін	
3		2-ден 5-ке дейін	
Барлығы (барлық бағалардың бағасы):			

Шет аудандық мәслихатының аппараты «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесіне 3-қосымша

БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№ р/н	Қызметшінің Т.А.Ә.	Тікелей басшының бағасы	Айналмалы баға	Қорытынды баға
1				

Тексерген:
Комиссия хатшысы _____ Күні _____
(Т.А.Ә, қолы)
Комиссия төрағасы _____ Күні _____
(Т.А.Ә, қолы)
Комиссия мүшесі _____ Күні _____
(Т.А.Ә, қолы)

Егер Комиссия құрамына оған қатысты бағалау жүргізілетін қызметшінің тікелей басшысы, сондай-ақ осы Әдістеменің 4-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген қызметшілер кіретін болса, олар осы қызметшіге қатысты дауыс беруге және шешім қабылдауға қатыспайды.

2. Бағалау жүргізуге дайындық

11. Персоналды басқару бойынша бас маманы Комиссия төрағасының келісімі бойынша бағалауды өткізу кестесін әзірлейді.

Персоналды басқару бойынша бас маманы бағалау өткізуге дейін бір айдан кешіктірмей бағаланатын қызметшіге, сондай-ақ осы Әдістеменің 4-тармағында көрсетілген тұлғаларға бағалау жүргізілетіні туралы хабарланды және оларға толтыру үшін бағалау парағын жібереді.

3. Тікелей басшының бағалауы

12. Тікелей басшы осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тікелей басшысының бағалау парағын персоналды басқару бойынша бас маманынан алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде толтырады, қызметшінің толтырылған бағалау парағымен таныстырады және екі жұмыс күні ішінде толтырылған бағалау парағын персоналды басқару бойынша бас маманына қайтарады.

Қызметшінің толтырылған бағалау парағымен таныстыру жазбаша немесе электронды нысанда жүргізіледі.

Қызметшінің танысудан бас тартуы құжаттарды Комиссия отырысына жіберуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару бойынша бас маманы және тікелей басшы танысудан бас тарту туралы еркін нұсқада акт жасайды.

4. Айналмалы бағалау

13. Айналмалы бағалау қызметшінің қарамағындағы адамдардың, ал қарамағындағы адамдар болмаған жағдайда – қызметші жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшеде лауазымды атқаратын адамның (олар болған жағдайда) бағалауын білдіреді.

Мұндай адамдардың тізімін (үш адамнан аспайтын) қызметшінің лауазымдық міндеттері және қызметтік өзара әрекеттестігіне қарай персоналды басқару бойынша бас маманы бағалау жүргізілгенге бір айдан кешіктірмей анықтайды.

14. Осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалар осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда айналмалы бағалау парағын толтырады.

15. Осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалармен толтырылған бағалау парағы оларды алған күннен екі жұмыс күні ішінде персоналды басқару бойынша бас маманына жіберіледі.

16. Персоналды басқару бойынша бас маманы осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалардың орта бағасын есептейді.

17. Осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалардың бағалау жасырын түрде жүргізіледі.

5. Қызметшінің қорытынды бағасы

18. Персоналды басқару бойынша бас маманы қызметшінің қорытынды бағасын мына формула бойынша Комиссия отырысына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей есептейді:

$$a = b + c;$$

a – қызметшінің қорытынды бағасы;

b – тікелей басшының бағасы;

c – осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген тұлғалардың орта бағасы.

19. Қорытынды баға мына шкала бойынша қойылады:

21 баллдан төмен – «қанағаттанарлықсыз»;
21-ден 33 балға дейін – «қанағаттанарлық»;
33 балдан жоғары – «тиімді».

6. Комиссияның бағалау нәтижелерін қарауы

20. Персоналды басқару бойынша бас маманы Комиссия төрағасымен келісілген кестеге сәйкес бағалау нәтижелерін қарау бойынша Комиссияның отырысын өткізуді қамтамасыз етеді.

Персоналды басқару бойынша бас маманы Комиссияның отырысына мына құжаттарды:

1) толтырылған тікелей басшының бағалау парағын;
2) толтырылған айналмалы бағалау парағын;
3) қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын;

4) осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорытынды баға көрсетілген Комиссия отырысы хаттамасының жобасын тапсырады.

21. Комиссия бағалау нәтижелерін қарастырады және мына шешімдердің бірін шығарады:

1) бағалау нәтижелерін бекітеді;
2) бағалау нәтижелерін қайта қарайды.

Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылдаған жағдайда Комиссия хаттамада түсісті түсіндірмемен келесі жағдайларда бағаны түзетеді: егер қызметшінің қызмет тиімділігі бағалау нәтижесінен көп болса, бұл ретте қызметшінің қызмет нәтижесіне құжаттамалық растау беріледі; персоналды басқару бойынша бас маманымен қызметшінің бағалау нәтижесін санауда қате жіберілсе.

Бұл ретте қызметшінің бағасын төмендетуге жол берілмейді.

22. Персоналды басқару бойынша бас маманы бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң бес жұмыс күні ішінде қызметшінің таныстырады.

Қызметшінің бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша немесе электронды нысанда жүргізіледі. Қызметшінің танысудан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару бойынша бас маманы танысудан бас тарту туралы еркін нұсқада акт жасайды.

23. Осы Әдістеменің 20-тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ комиссия отырысының қол қойылған хаттамасы персоналды басқару бойынша бас маманында сақталады.

7. Бағалау нәтижелеріне шағымдану

24. Комиссия шешіміне қызметшінің мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне шағымдануы шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

25. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық департаменті қызметшіден шағым түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде шағым қарайды және бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік органға Комиссия шешімінің күшін жою туралы ұсыныс жасайды.

26. Қабылданған шешім туралы ақпаратты мемлекеттік орган екі апта ішінде мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне береді.

РЕШЕНИЕ ШЕТСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

17 сентябрь 2015 год

№32/285

с.Ақсу-Аюлы

Об утверждении Методики ежегодной оценки деятельности административных государственных служащих корпуса «Б» аппарата Шетского районного маслихата

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", Указом Президента Республики Казахстан от 21 января 2000 года № 327 "Об утверждении Правил проведения ежегодной оценки деятельности и аттестации административных государственных служащих" и приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 29 декабря 2014 года № 86 "Об утверждении Типовой методики ежегодной оценки деятельности административных государственных служащих корпуса "Б" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 10130) Шетский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить прилагаемую Методику ежегодной оценки деятельности административных государственных служащих корпуса "Б" аппарата Шетского районного маслихата.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на руководителя аппарата районного маслихата.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии

Н.ЖАНАСБАЕВ.

Секретарь районного маслихата

А.СМАҒҰЛУЛЫ.

Утверждена решением XXXII сессии Шетского районного маслихата от 17 сентября 2015 года №32/285

МЕТОДИКА ЕЖЕГОДНОЙ ОЦЕНКИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ КОРПУСА «Б» АППАРАТА ШЕТСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

1. Общие положения

1. Настоящая Методика ежегодной оценки деятельности административных государственных служащих корпуса "Б" аппарата Шетского районного маслихата разработана в реализацию Указа Президента Республики Казахстан от 21 января 2000 года №327 "Об утверждении Правил проведения ежегодной оценки деятельности и аттестации административных государственных служащих" и определяет методы ежегодной оценки деятельности административных государственных служащих корпуса "Б" (далее – служащие).

2. Ежегодная оценка деятельности служащих (далее – оценка) проводится для определения эффективности и качества работы.

3. Оценка проводится по истечении каждого года пребывания на государственной службе, не позднее трех месяцев со дня его наступления, но не ранее шести месяцев со дня занятия данной должности.

4. Оценка служащего складывается из:

1) оценки непосредственного руководителя служащего;
2) круговой оценки (оценки подчиненных или коллег служащего).
Непосредственным руководителем служащего является лицо, которому он подчиняется согласно своей должностной инструкции.

5. По результатам оценки вырабатываются предложения по устранению недостатков в деятельности служащих, определяются направления их деятельности, требующие улучшения, вырабатываются предложения по карьерному продвижению и стажировке служащих.

6. Получение служащим двух оценок «неудовлетворительно» в течение последних трех лет является основанием для проведения аттестации.

При принятии решения о проведении аттестации не учитываются результаты оценки, которые являлись основанием для проведения предыдущей аттестации.

7. Служащий, получивший оценку «неудовлетворительно», не закрепляется наставником за лицами, впервые принятыми на административные государственные должности.

8. Итоговая оценка служащего утверждается постоянно действующей Комиссией по оценке (далее – Комиссия), которая создается лицом, имеющим право назначения на должности и освобождения от должности служащих.

9. Комиссия состоит не менее, чем из трех членов, в том числе председателя.

10. Результаты голосования определяются большинством голосов членов Комиссии. При равенстве голосов голос председателя комиссии является решающим.

Председателем Комиссии является секретарь районного маслихата.

Секретарем Комиссии является главный специалист по управлению персоналом государственного органа. Секретарь Комиссии не принимает участие в голосовании.

В случае, если в состав Комиссии входит непосредственный руководитель служащего, в отношении которого проводится оценка, а также служащие, указанные в подпункте 2) пункта 4 настоящей Методики, они не принимают участия в голосовании и принятии решений по данному служащему.

2. Подготовка к проведению оценки

11. Главный специалист по управлению персоналом формирует график проведения оценки по согласованию с председателем Комиссии.

Главный специалист по управлению персоналом уведомляет служащего, подлежащего оценке, а также лиц, указанных в пункте 4 настоящей Методики, о проведении оценки не позднее одного месяца до проведения оценки и направляет им оценочные листы для заполнения.

3. Оценка непосредственного руководителя

12. Непосредственный руководитель заполняет оценочный лист непосредственного руководителя по форме согласно приложению 1 к настоящей Методике в течение трех рабочих дней со дня его получения от главного специалиста по управлению персоналом, ознакомливает служащего с заполненным оценочным листом и направляет заполненный оценочный лист главному специалисту по управлению персоналом в течение двух рабочих дней.

Ознакомление служащего с заполненным оценочным листом осуществляется в письменной или электронной форме.

Отказ служащего от ознакомления не может служить препятствием для направления документов на заседание Комиссии. В этом случае главным специалистом по управлению персоналом и непосредственным руководителем служащего в произвольной форме составляется акт об отказе от ознакомления.

4. Круговая оценка

13. Круговая оценка представляет собой оценки подчиненных служащего, а в случае отсутствия подчиненных – лиц, занимающих должности в структурном подразделении, в котором работает служащий (в случае их наличия).

Перечень таких лиц (не более трех) определяется главным специалистом по управлению персоналом не позднее одного месяца до проведения оценки, исходя из должностных обязанностей и служебных взаимодействий служащего.

14. Лица, указанные в пункте 13 настоящей Методики, заполняют оценочный лист круговой оценки по форме согласно приложению 2 к настоящей Методике.

15. Оценочные листы, заполненные лицами, указанными в пункте 13 настоящей Методики, направляются главному специалисту по управлению персоналом в течение двух рабочих дней со дня их получения.

16. Главный специалист по управлению персоналом осуществляет расчет средней оценки лиц, указанных в пункте 13 настоящей Методики.

17. Оценка лицами, указанными в пункте 13

Сақшылар сайысты

«ПАРАСАТТЫ ПОЛИЦЕЙ» БАЙҚАУЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Ағымдағы жылдың 22 және 23 қазан күндері Шымкент қаласындағы Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филармонияда тәртіп сақшыларының қатысуымен республикалық «Парасатты полицей» байқауы болып өтті. Полицейлер мемлекеттік тіл жөніндегі білімін ортаға салды.

Бұл жолғы сайыста еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған, түрлі ұлт өкілдерінен құралған жалпы саны 100-ден астам тәртіп сақшыларының 20 командасы бақ сынасты.

Мемлекеттік тіл жөніндегі білім жарысының мақсаты – тәртіп сақшылары арасында патриотизмді насихаттау және қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.

«Парасатты полицей» республикалық байқауы биыл алтыншы рет өтіп отыр. Ол ішкі істер саласында аз жылдардың өзінде танымал, беделді шараға айналды, ондағы жеңістің де салмағы басым саналады.

Байқау нәтижесінде өңірлік қазылар алқасының шешімімен бірінші орынды Солтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер департаментінің «15-ші өңір» командасы жеңіп алды. Екінші орынды Ақтөбе облыстық ішкі істер департаментінің «Серт береміз» командасы, ал үшінші орынды Шығыс Қазақстан облыстық Ішкі істер департаментінің «Ұлы дала ұландары» командалары иеленді.

Байқау қорытындысында шараға қатысқан командаларды өзге де аталымдар бойынша марапаттады, олар:

- «Көрермен көзайымы» номинациясын Шығыс Қазақстан облыстық Ішкі істер департаментінің «Бірлігіміз жарасқан» командасы;

- «Ұйымшыл команда» номинациясын Маңғыстау облыстық Ішкі істер департаментінің «Каспий қырандары» командасы;

- «Тапқыр команда» номинациясын Қостанай облыстық Ішкі істер департаментінің «Үш бақытым» командасы;

- «Өнерлі команда» номинациясын Жамбыл облыстық Ішкі істер департаментінің «Тараз қырандары» командасы;

- «Тілегі мен тілі бір» номинациясын Павлодар облыстық Ішкі істер департаментінің «Ертіс сақшылары» командасы ие болды. «Парасатты полицей» байқауында жүлделі орындарды иемденген үздік командалар түрлі номинациялармен, кубоктармен, грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сайыс соңы эстрада жұлдыздарының қатысуымен өтетін концерттік бағдарламамен ұласты.

Ал, «Парасатты полицей» республикалық байқауының көшпелі нышанын ОҚО ІІД-нің бастығы А.Оспанов Ақтөбе облыстық Ішкі істер департаментінің өкіліне табыстады. Келесі, яғни 2016 жылы «Парасатты полицей» байқауы Ақтөбе қаласында өтетін болады.



Қазақстан 2050
МӘНГІЛІК ЕЛ

САРҚЫЛМАС ҰЛЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ СЕН

«Білім инемен құдық қазғандай» деп дана халқымыз айтқандай, білім жолы қиын да күрделі жол. Мектеп табалдырығын атаған әрбір бүлдіршін, алғаш білім нәрін бастауыш сыныптан алып бастайды. Балаға білім берумен бірге тәрбие қатар жүреді. Білім мен тәрбиені бала бойына алғаш сіңіретін де бастауыш сынып мұғалімдері.

Бастауыш сынып-оқушының көзқарасын, шығармашылығын, адамгершілік,



мейірмділік қасиеттерін қалыптастырады. Осыған орай, мектебімізде оқу-жоспарына сәйкес «Сарқылмас ұлмықтың бастауы сен, саған мәңгі басымды ием бастауышым» атты бастауыш сыныптар арасында қазан айының он күндігінде апталық өтті. Апталықтың мақсаты оқушылардың білімге, өмірге деген құштарлығын арттыру, білімдерін тереңдету, қызығушылығын оятып, ой-өрісін дамыту. Апталықтың ашылуына балалар білім туралы, ұстаздар туралы тақпақтар айтып, өлеңдер оқыды. Мақал-мәтелдер жарысы болып, жұмбақтар шешілді. Суреттерге қарап, өңгімелер айтылды. Осы апталықта бастауыш сынып мұғалімдері өздерін жақсы қырынан көрсете білді. «Білім сарқылмас қазына» дегендей сайыстар өткізілді. Атап айтсақ, 1-сы-

ныптарға Н.Ахметжанова, А.Әмірова мұғалімдер «Әріптер әлемі», «Ашық сабақ» 3-сыныптарда М.Байкенова, «Сынып дарабозы» 2 сыныптар бойынша Г.Байтанасова, А.Елубаева, «Ертегілер еліне саяхат» мектеп-палды даярлық бойынша Б.Төлеуқенова, А.Малтабарова, «Жұлдызды сәт» 3 сыныптар бойынша Ж.Бекенова, С.Смаилова, «XXI ғасыр көшбасшысы» 4 сыныптар бойынша Ф.Жүнісова, М.Байкенова, «Үш тілде сөйлеп үйренейік» шет тіл мұғалімдері «Шебер қолдар» көрме ұйымдастыру бойынша Еңбек мұғалімдер, кітап конференциясын Н.Оспанова, Б.Төлеуқенова, «Алақай, балақай!» эстафеталық жарыстарды дене шынықтыру мұғалімдері, апталықтың қорытындысы бойынша «Айгөлек» концерттік бағдарламамен Н.Тәжібеков, А.Малтабарова жетекшіліктерімен аяқталды.

Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» деп М.Жұмбабаев айтқандай, мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеуде үлкен үлес қосатын бастауыш. Сондықтанда білімнің қайнар көзі – бастауыш деуге толық негіз бар.

**Жанар АСЫЛБЕКОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
мектеп-гимназиясы
директордың бастауыш оқу-тәрбие
ісінің орынбасары.**



«Бірінші байлық - денсаулық» деп тегін айтылмаған. Адам денсаулығы оның жаны мен тәнінің саулығынан құралады. Осы екі саулық адамның да экологиялық тазаруына, сауығуына апаратын жол, сондықтан адам экологиясына, адам денсаулығына әсер ететін негізгі факторлар туралы айтса керек. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде деп тегін айтылмаған. Соған орай жақында Ақжал кентіндегі Ш.Батталова атындағы орта мектебінде мұғалімдер арасында волейболдан жарыс болып өтті. Бұл жарысқа үш команда қатысып, өзара бақ сынасты. Жарыстың

САЛАУАТТЫЛЫҚ - БАСТЫ БАЙЛЫҚ

нова, Б.Ибжанов, хатшы Т.Мұханбеткөрімді ерекше атап айтуға болады. Сонымен қатар қарттар күніне арналып аудандық волейболдан, дөйбыдан, шахматтан, үстел теннисінен, арқан тартыстан әдемі жарыстар өтті. Жан-жақтан жиналған ұстаздар командалары өз күштерін, шымырлықтарын көрсетіп, үлкен нәтижеге қол жеткізді. Жарысқа жиырмадан асқан командалар қатысып, волейболдан төрт топқа бөлініп, жүлделі орын алған Ш.Батталова мектебі, Қайрақты, Ы. Алтынсарин, Нұраталды мектептерінен төрт команда финалға шықты.

Осы ойында жүлделі бірінші орынды Ш.Батталова атындағы мектептің мұғалімдер командасы, екінші орынды Нұраталды мектебінің мұғалімдер командасы, үшінші орынды Ы.Алтынсарин



ашылуында мектеп директоры Д.Бакаев құттықтау сөзін жолдап, сәттілік тілесе, кент әкімшілігінен М.Матаева сөз сөйлеп, мектебіміздің спорт ардагерлері М.Алтынбеков, М.Хамитованы марапаттап өтті. Сондай-ақ, мектепшілік жарыстарда көзге түсіп жүрген ұстаздарымыз Ж.Жанаманова, А.Абжанова, Г.Сұлтанбекова, Д.Сатмағанбетова, Ж.Әбілдина, М.Жексенбаева, Н.Қасымжа-

мектеп-гимназиясының мұғалімдер командасы өзара бөлісті. Жарыс соңында жеңіске жеткен командалар мен үздік ойын көрсеткен ойыншылар марапаттан құр қалмады.

**Д.АҚШОЛАҚОВА,
Ш.Батталова атындағы
мектептің дене шынықтыру
пәнінің мұғалімі.**

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ТОПТАМАЛАРЫН ЕНГІЗДІ

2015 жылдың қазан айынан бастап «Қазақтелеком» АҚ қызметтерінің жаңа топтамалық шешімдері енгізілді. Енді компания қызметтерін пайдаланушылар алуан шешімдердің ішінде өзіне ыңғайлы және бағасы да тиімді қызмет топтамасын таңдай алады.

Қазақстандағы ең ірі телекоммуникация саласындағы компания «Қазақтелеком» АҚ бүгін байланыс қызметтерінің барлық түрін көрсетеді: телефония, жоғары жылдамдықты интернет (ID Net), цифрлы теледидар (ID TV) HD –көрсетілімімен, ұялы телефония (әмбебап нөмір), ұялы интернет (ID Net Wireless).

Байланыс қызметтерін жемісті қолдану мақсатында «Қазақтелеком» АҚ жасақтаушылары жаңа пакетті шешім енгізді, бастысы қолданушылардың ыңғайына арналған шешімдер. Мысалы, енді «Қазақтелеком» АҚ абоненттері қалалық телефоннан «Altel» операторының U ұялы нөмірлеріне бағасы 1 минутына 1 теңгеге қоңырау соға алады. Сонымен қатар, «Караоке» сервисі «ID TV» цифрлы теледидар қолданушыларына арналып енгізілді.


Жаңа пакетті шешімдер тиімді бағаларымен елеулі. Мысалы, «ID Net Base Turbo» атты жаңа қызмет топтамасының ай сайынғы төлемі 4 195,53 теңгеге, жылдамдығы 100 мбит/сек. ұтқыр интернет «ID Net», шектеусіз қалааралық ҚР бойынша сөйлесімдер қызметі қосылған телефония және «Altel» нөмірлеріне арзан қоңыраулар кіреді. Жаңа қызмет топтамалары 2015 жылдың 15-ші қазаннан бері қосылған.

Компания мамандары алдын ала пайдаланушыларды U ыңғайлығы үшін қосымша қызметтер енгізгенін ескертеміз.

Олар: «Ата-ана бақылауы» (Интернеттегі қалаусыз контенттің мониторингі және шектеу), «Турбо-жылдамдық» (ішкі және сыртқы ресурстарға Интернет жылдамдығын көбейту), «Турбо-трафик» (трафик көлемін көбейту), «Антивирус» (вирусқа қарсы бағдарламаларға жазылу), «HD-арналары» және «Viasat Premium HD» (жоғары деңгейде теледидар телеарналарын қарау, «ID TV Online» (бейнетекә және телеарналар-

ТӨЛЕП ЖАТҚАН АҚШАҢА
**КӨБІРЕК
ҚЫЗМЕТ АЛ!**

«Қазақтелеком» АҚ-ның
**ЖАҢА
ТОПТАМАЛАР**



www.telecom.kz 160

ды әр-түрлі ұялы құрылғыларда көру) қызметтері «Қазақтелеком» АҚ абоненттері ішінде өз пайдаланушыларын тапты.

Жаңа қызметтік топтамалар жайлы толық ақпаратты Қарағанды ОТД-ның Сервис желісі пунктерінде және 160 нөміріне қоңырау шалу арқылы білуге болады.

Имандылық

Өткен ғасырдың соңғы ширегі. Ауданның көшесінде үстіне әппақ ақ шапан киіп, басындағы тақиясының сыртынан елеусіз-деу етіп ақ шүберек байлап, асықпай аядаған байыпты жүзді ақсақалға бұрылып қарамайтын адам кемде-кем. Біреулерге таңсық, жүрегін отызжетінің сұмдығы үркіткен біреулер үшін бұл қорқынышты. Басындағы шалмасын сәлдеге жориды. Әппақ киімі ше? КГБнің қаһары өлі сөнбеген. Ойып-ай десеңді. Әлгі райкомға жаңа іпкікен «карьерист» деп үміттілер үшін бұл бір аспаннан түскендей оқиыс іс.

Сол бір өзімізді өзіміз танымаған шақ, танытпаған кезең, елге үлгі болар тұлғалар сиресе де баршылық еді. Сондай азаматтарды, ақсақалды білмегендіктен жастар жағы батыстың әлдебіреулеріне еліктеп, соларды өздеріне үлгі тұтып, солардың сөздерін мәтелге айналдырып жүрген уақыт. Сол ақсақалдың мінезі, атқарған ісі, айқан сөздерінің қайнар көзі имандылықта жатқандықтан өзі де адам таңқаларлықтай ерекше.

Берін айтпай, бір ғана Иманәлі ақсақалдың өмірінің өзі ұрпаққа үлгі болуға жетеді. Иманәлі ақсақал 1895 жылы осы Шет ауданының Маутан қыстағында дүниесігін ашқан екен. Үлкен әкесі Шыңқожа Кенесары ханның азаттық күресіне қатынасқан, ханмен ол дүниеден өткенше бірге болған адам екен. Онан Дінәсыл, Жанасыл туған. Жанасылдан осы ел түгел білетін Қапас. Дінәсылдан Шаһзада мен Иманәлі. Дінәсыл қазақша айтқанда «қарасуды теріс ағызатын» молла. 1923 жылы Арқаның бұл өңіріне апар келе жатыр. Қатты қырғын болады деп, бала-шағасын алып Балқаштан өрі өтіп кеткен. (Шеттегі 48311 қазақтан 1933 жылы 5021 адам ғана қалатынын күні бұрын білгендей екен) Дінәсыл молла сол жоқшылық тұста «мен ертең қайтыс боламын, қалай апарып жерлейміз деп уайым-дамандар, бір арбалы кісі өзі келеді» деген екен. Уақиғаның осылай болғанын балалары күні бүгін растайды.

Дінәсыл ұрпағы Дересіне жетіп онан өрі Бақанасқа аялдап, Алматы облысының Жалаңаш деген жеріне тұрақтаған. Именкең осы жерде колхоз мүшелігіне өтіп, қара жұмыстың неше алуанын атқарып, жан бақты. Күнбатыстан дүрделген соғыс та жетті. Аштықтан тірі қалған қазақтың аз баласын енді осы өрт жалмап жатты. Екі майданда бірдей соғысқан Германия өз халқының 12 процентін ғана ұрсыса, салса бейшара қазақтың 28 проценті қырғынға қатысыпты. Қазақты кім аяпты?

Именкең Ленинград майданындағы ауыр шайқастарға қатынасқан. Бораған оқтан аса сескене қоймайтынын байқаған командирлері оны снайперлер қатарына қосқан. «Бұл мен үшін өте ауыр болды, - деп еске алатын Именкең. - Бұйрықты орындамасам, снайперлікке бармасам, өзім жазаланам. Үкім қатал. Снайпер болып кісі ату, құдай жаратқан пенденің жанын алу ауыр жағдай. Амал жоқ, снайпер болдым. Көздегенімді ауыр жаралап, мүгедек етіп жіберуге тырыстым. Кім біледі, өліп те қалғандары болған шығар. Соғысып жатқан екі жақтың бірі христиан дінін ұстанғандар, біздіңше көніп, екіншісі біржола дінсіздікті уағыздаған, құдайды жоққа шығарушылар. Қалай болса да Алла жаратқан пенделер. Адамды өлтіруден артық қылмыс, күне жоқ. Көздегенімді құр жібермей жүрмін. Өлмес екен деймін, ауыр жаралауға тырысамын».

Именкеңнің атқыш, мергендігі көзге түспей қоймайды. Өзінің орденге ұсынылғанын білмей де қалған. Ақыры сол орденді алудан бас тартқан. Түсіндіруін талап еткен командиріне «мен ашық ұрыста емес, жасырынып ісі өлтіріп жүрмін» дегеннен таймаған. Бұл соғыстағы оқиыс іс. Ақыры Именкеңді аңду басталған. Именкең жасырынып отырған жерінен уақыт бітіп қайтқан жолында өліктерді аралап, ішінде қазақ, қырғыз, өзбек, түрікпен, татар азаматтары болса дұға оқып, жаназасын шығарып кетеді екен. Аңдушылар осы жағдайын НКВД-ға жеткізіп, үстінен түсіріп, түрмеге жауыпты. Бұл 1944 жылдың ортасы. Соғыстың бітуіне жылға жетпей қалған уақыт. Именкеңді енді «халық жауы» санап он жылға итжеккенге айдаған.

Он жылға созылған ғұмырының қиын кезеңін өтеп Именкең туысқандарын алып туған жері Шет ауданына қайта оралған. Туысқандар ол кісіні құшақ жайып, қарсы алған. Інісі Әбдіғалим да, өзі де жеке-жеке үй салып, туыстар арасында тыныстарын кеңітті. Ол кісі басына ауырлық түскен адамдардың көңілін аулап, өзара ынтымақтас болуына мүдделі болатын. Шың пейілмен танысуға ниет білдіргендерден аулақтайтын, жағдайын сұрап, келелі кеңесін айтаын еді. Ауырған адамның көңілін сұрауға ерекше ынталы еді. Ең болмаса айына бір рет көңілі жетерлерінің, жас отаулардың, туысқандардың үйін аралап, бір-ең кесе шай ғана іше отырып, талай жақсы өңгімелерді қозғайтын. Ол кісінің келуін ағайындар тағатсыздана күтетін. Сондай өңгімелердің бірінде

- Адам Алланың барын жүрегімен сезеді. Бірақ, ол онысын тілімен де білдіруі керек. Тілімен оны мойындамаса, оны мұсылман деу қиын, - дейтін. Амалы да түзу болу керек.

- Неге олай? - деп таң қалғанбыз.

- Алланың барын біліп тұр, бірақ амалы теріс. Яғни істеген ісі теріс. Араққа жүзіп жүр, не ұрлық істеп жүр. Бұл теріс амал. Мұндай кісінің қай жері мұсылман.

- Ол Алланың барын біледі ғой, - деп дауласқың келеді.

- Алланың барын біліс-шайтан да біледі. Шайтанды мұсылман деп айта аласың ба? - деп даудың алдын кесетін.

Именкеңнің ішкі ойы мен сыртқы іс-амалы бірдей еді. Жақсылық жасауға шақырса әуелі сол істің басында өзі тұратын, бір нәрсені құп көрмесе, сонан бас тартудың басында өзі болатын. Ешкімнен ештеңе дөметіп, бір тыын да сұраған емес, керісінше басқаның мұқтажына көмек беруге тырысатын. Бірде өзінен ақыл-кеңес сұрай келген кісінің үсті-басы аса жұпыны екен. Жейдесі әбден ескіріп, жамауы да көбейіп кетсе керек. Оны тамақтандырып, Именкең өзінің жейдесін шешіп беріпті.

- Мұқтаж емеспін, - десе керек абыр-жыған қонағы.

- Жаны таза адамның, көрінісі де таза болғаны жөн. Мені ренжітпе, - деп көндіріпті Именкең.

Ол кісінің күндізгі жұртқа үлгі амал, түні намаз екенін айтқан жөн. Қолынан түспейтін кітабы Құран Көрім. Түннің бір уағына дейін соны оқып, Алладан кешірім сұрайтын. Құран парақтарын соншама тез оқитыны сондай, оны жатқа білетіндей көрінетін. Намаз оқыған кезде рухын тынықтыратын. Намаздың барлық рәсімдерін бар ынтымақпен орындап, әр аятты беріле оқитыны ерекше көрінетін еді. Сол бір сәтте бүкіл болмысы елжіреп, босап, дұғамен рухтанып отыратынына біздің де көңіліміз сенетін.



Именкең ата-жұртын жиі аралайтын. Отызыншы жылдардан бұрын дүниеден өтіп кеткен, басында белгісі жоқ туысқандарына көктап қойып жүретін еді. Бір жылы тау ішіне бойлай кірдік. Намаз уақыты келген. Дәретін алып, қалың ағаштың ішіне молы-

ӘУЛИЕ

нан енді. Намазына берілген ақсақалдың сырт жағынан, дауысын еркін еститіндей жерге келіп мен де отырдым. Ұзақ оқыды. Дұғаның соңы қазақша қайырған. «Уа, Алла, өз өмірмен дүниеге келдім. Бұл жалғанның сынақтары оңай болған жоқ. Ислам діні сабырға шақырды. Уа, Құдіреттің иесі, өзіңнің қамқорлығың болмаса сабыр да болмас еді. Тозаңдай пендеңді шыдамдылыққа өзің үйреттің. Әйтпесе, мына дүниеде мен көрген азап, тірі жан иесі шыдарлық емес еді. Уа, Тәңірім, рухымды нығайт. Саған деген сенімім мен сенің ісіңе сүйсінім басымнан өткен қиыншылықты жеңілдетті, тағдырға ризашылыққа ұйытты. Уа, Алла, адамдар сенің нығметіңді іздеп, тіршілік етеді. Әркімнің мұқтажы бар. Сол мұқтаждықтарын бере көр. Адамзаттың осалы әйелдерді ар-ұятын сақтауға, беріктікке бұйыр.» Намазын оқып болып, «ей, сен де осы жерде ме едің?» деп етегін қақты.

Иә, ол тұс дінге сенімсіздік, Алланың барлығына күдікпен қарау белең алған уақыт қой. Бір жағы сенімсіздік билеп, бір жағы ақиқатты білгісі де келіп, әркім екі жаққа тартқан күштің әсерінен діннен хабары бар адаммен дауласып та қалғысы келіп тұратын. Жас шамасы қырықтан асқан, біраз жыл райкомда істеген азамат Именкеңмен дауласа кетті.

- Бейші бар ғой?
- Бар.
- Бейшітегілер тамақ ішеді дейді.
- Иә, ол да рас.
- Жәннатта жеген ас тысқа шықпайды дейді. Оған қалай сенеміз. Мысалы, біздің ішкен-жегеніміздің жартысы қортылмай нәжіс болып денемізден сыртқа шығады.
- Дұрыс айтасың, жегеннің бәрі тысқа шықпайды ғой.
- Шықпайды.
- Шықпағаны қайда кетеді?
- Бүкіл денеме тарап, тіршілік көзі қуатқа айналады.
- Бұл жалғанда ішкен тамағының жартысы қуатқа айналатынын айтасың. Ал, жәннатта ішкен-жегеніңіз бәрінің денеге тарайтынына неге сенбейсің.

Дауес желкесін қасыды. Атеизмнің уы бойына сіңіріп қалған бейшара дел-сал боп, «ей, осы бір күш бар-ау» деп тағы күбірледі. Ол күштің Арлла екеніне күніне бетін сүйіп жүрген партиялет те жібермей тұрған. Уақыт өте оның да намазға жығылғанын көзіміз көрді.

Тағы бір жолы ертемен шығып, сонау ата-бабасының көне жұрттарын араладық. Манақа өзенінің бойына тоқтап, «мына қара су біздің бала кезімізде кішігірім көлдей мол болушы еді. Ауылға Кенесары хан келгенін, Шыңқожа бабамыз хан осы суға түскенде, оған көз тімесін деп шымылдық тұтып тұрғанын өкелеріміз айтып отыратын» деп терең күрсінді. Сонан Именкең ата-бабасының зиратына барып, дұға оқып, тауды бектерлей оралуға бет алдық. Жалғыз кигіз үй тұр еді. Сол үйге келіп, көлік басын тредік. Үй иелері жик-жаппар болып қарсы алған. Екі иінінен дем алған самаурын да жетті. Бір-бір шыны шәй да алдымызға келді. Дүр етіп тоқтаған машинаның бұрқ еткен шаңымен бірге қарқ-қарқ күлкінің иелері де есіктен бері өтті. Сүрініп-қабынып жүр. Қызу. Олардың сәлемін шала қабылдаған ақсақал жылжып сыртқа шығып кетті. Тыста, машинаның жанында бір әйел құсып отыр. Именкең сол сырғыған бетінде үйден жүз метрдей аулақтап барып, теріс қарап отырған. Соңынан ілескен маған «барда, шайыңды іше бер» деді. Ақсақалдың орнына біреуі қонжық отыр, «ішпесе қойсын, әкел тамақты, өзміз ішеміз» деп ыржың-ыржың. Бізге жасалған дастархан мөлдіреп, жайнап тұрған сияқты еді, енді сұрғылт тартып жылыуы кеткендей көрінеді. Именкең үй иесінің шақырғанына да «рахмет» айтып келмеді. Мен апарып берген бір кесе шайға да қол созады. «Адалды арам етті ғой, қайтесің енді».

Қайтып келеміз «Осы бір дерт болмаса, халқымыз айығып кетер еді» - деді бір кезде Именкең.

- Тоқтағанымыз қате болды-ау, - деймін абыржып.

- Алланың салған дерті емес, адамзатқа адамның қолымен шайтанның еккен уы. Мынау ел не болады? Анау мас әйел...

- Усқыны жаман екен.

- Үрімке ұстаған қатынның байы арақ, не әлдекімдер. Баласы шата, не есі ауысқан. Шата әлемді бұзады, есі ауысқанға ем жоқ.

Жігерім құм боп, қайтып келеміз. «Осы бір сойқан дерт болмаса халқымыз айығып кетер еді» - дегенді қайта-қайта айтады да Именкең күрсініп, дұға оқиды.

- Иә, - деді ол бір кезде. - Кімде кім оқу жасында адамзатқа пайдалы бір ауыз сөз үйреніп, оны өзінің ұстанымы етіп, үнемі айтып жүрсе, ол адам азбайды.

- Абайды оқытады ғой бізге.

- Абайдың өзін теріс жаттады ғой.

Шортанбайды ауызға алдырмайды. Теріс оқу, сонан соң теріс іс, әйелді араққа жығу, еректегі көнеңің өнегесінен адастыру. Оны да теріс, терісі де теріс. Бұл ел енді не болады?

Күн еңкейіп бара жатты ғой. Ақтөбедегі Әлқожа ақсақалдың үйіне жеткенбіз. Шай ішіп, жайланып, ес жинадық. Көрген-білгенімізді суыртпақтап мен айтып шықтымын.

- Иә, - деді Әлекең де. - Ішіп-жеуден қазір ел тарықпайды. Бірақ сондайлардан түйнелесің. Жағдайымыз ауыр.

- Адам баласын хайуани тірліктен аулақтататын дін ғана. Оны таптап жатыр. Әлгі Мағжан ақынның «тәңірісің табанына таптаған» деген өлеңі бар емес пе еді. Соған келіп болдық. Дін төмен, керісінше дүние-

мүлкіті аңсау аспандады. Мінез-құлықты түзеу жайына қалды, есесіне тісімізді алтындатамыз.

- Не жеймін деп уайымдамай отырып, ұрлық қылады, - дейді Әлекең.

- Зайбың қарлық қылады дегенді тағы қос.

Екі ақсақал кері кетіп бара жатқан қоғамның өзінің әр мүшесін де құрдымға сүйреп бара жатқанын айтып шырлерін төккен. Екеуін тыңдап отырып, қышқылдан кейін тәттіні, ыстықтан кейін суықты, қара еттен кейін майлыны сұрап, қомағайланып, бәрін асап, істеген ісі мен сөзіне есеп бермей көзі алая ежірейген біреулер көз алдына келген. Ақсақалдар қоғамның тамырының соғуын тап басып отыр.

Именкең көшеде қарсы кездесетін, алабұртқан жүзінен сәл қызулығы танылатын адамның сәлемін салқындау қабылдап, қыстап тұрып қана сауалына келте жауап беріп, жүріп кететін. Ол кісі сауаты ілгері болса да молла болып, жаназа шығарған жоқ. Кез келген адам үшін құран аударған да емес. Жаны таза адамдар үшін ғана Құран Кәрімді оқып отырғанын көрдім. Әйел қауымының ерекше таза болуы керек екенін басқа сөз ететін. Сол кездің өзінде бірде тар көйлек киіп тыптытып, бірде шолпақ көйлек киіп шолтаңдатып жүретіндердің тәрбиесінің кемістігін, тіпті соларды есірген атанасының да қазақ үлгіден, мұсылмандық жолдан алыс қалған жандар екеніне көз жеткізе өңгіме айтатын. Бүгінгі, біздің заманымызда, кіндігін ашып жайрандап, не етегін қара санына дейін жырып, жылтылдап жүргендер сол жетпіс жылға созылған дінсіз қауымының сорақы ісінің жағдасы. Әйелдің өз қасиетін өзі сыйламауы оны кім көрігеннің ойыншығына айналдырады. Біреулері көпір дінінің, біреулері мұсылман дінінің секталарына кіріп, неше түрлі пәлеге ұшырап жүр. Газеттер бір келіншектің бір жылда жеті рет талақ етіліп, соншама рет байға тиіп, енді басын арашалай алмай жүргенін жазды. Иә, мұндай пәледен мұсылман діні, сол дінді таза ұстаған Именкеңдер сақтандырып баққан.

Именкең не надандыққа белшесінен баққан, өзін бір ғажайып тұлға санаған, бірақ адамдық рухтан айырылғандар тиісін баққан. Соның бір куәгері Шайқен Әлқожаұлы. Бір үлкен адамның қоңақасында сырттан келген сондай бір өз буына өзі піскен сорлы Именкең «сен кімісің, неге ақ шапан киіп жүресің» дегеннен бастап, ата-баба әруағына дейін қозғаса керек. Мұндаймен салғыласып жатпайтын Именкең қатты қапа болып, сыртқа шығып бара жатып, өз ісіне мез болып қатты қарқылдап күліп отырған адамның аты жөнін жазып әкеп бер депті Шайқенге. Надандыққа батқан дінсіздің аты-жөнін білген соң Шайқенге Құранды алдырып «енді сен бара бер» депті. Сол бұзық жан ертемен орнынан тұрмай қалған екен.

Алла бір басымға қанша ауыртыпшылық берсе де, игілік еткен жақсы істері де аз емес, соған шүкіршілік етіп өмір сүріп келемін деуші еді. Күнімді көпірдің аузына қаратпасын деп зейнетқақ да алмай кетті. Ол өткір ойлы, көзқарасы айқын, таза-лығы жағынан сирек кездесетін ерекше жан еді. Өмірін дін мен еңбекке арнап, жақсылық жасауға, тақуалыққа пейіл беріп, бұл жалғанның алдамшы қызығынан бас тартты. Осындай әулие жанның арамдызда болғанына да, оны көргенімізге де қуанамыз.

Көмел ЖҮНІСТЕГІ, жазушы, «Құрмет орденінің» иегері.

БАЛАЛЫҒЫН СҰРАПЫЛ СОҒЫС ҰРЛАҒАН

(Әкемнің қойын дәптерінен үзік сыр)

Бүгінде Ұлы Жеңістің 70 жылдығы деп тойлап жатқан мерекеміздің оңайлықпен келмегені хақ. Қаншама шаңырақты шайқалтып, біріне жесірліктің, біріне жетімдіктің ащы уын жұтқызған сұрапыл соғыс сол кездің адамдарының жүрегіндегі жазылмас жара дағы еді-ау. Балауса балғын шағын ұрлапты, еңбектің, қындықтың зіл батпанына қаршадай жеткізілме саналы түрде мойынсынып, үлкендерге тірек болған екен. «Соғыс» деген суық сөз аяздай қарып, біздің әулетке жеткенде, әкем Ыбырайқылы Жұмабай небәрі 14 жаста болыпты. Бастан өткенін күнделікке тізіп жазған екен. Сол күнделіктен үзіндіні жұрттың азыну - перзенттік парызым деп ойлаймын.

Ләззат ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ.



Хабарламасын алып оқығанымда Ленинград майданында болып, Танинге деген елді мекенде қайтыс болды дейді. Басымызға қара түнек орнаса да, өлгеннің артынан өлмек жоқ, күн көру керек дегендей 13 жасыннан колхозда өгізге мініп, шөп шауып, егін салып, оны жинап, қыс уақытында мал бағып, колхозда жүре бердім. Әкем еңбек армиясында, ағам соғыста өлді, басқа амал жоқ, шешем, үлкен апам үшеуіміз колхоздың жұмысын істей бердік. Бірақ, еңбек күнге алатынымыз

сырдың сүті, екі биенің қымызымен күн көрдік. Колхоздың егінін жинағаннан кейін тұқымдық астық қалдырып, артынан мемлекке соғысқа деп жібердік. Жығылған үстіне жұдырық деп, соғыс уақытында бір үйге соғыс салғығы 600 сом, ауылшаруашылық салғығы 300 сом, малды міндетті қауіпсіздендіру ақшасы және заемға 300-500 сом, бір сиырыға 12 кг май, 72кг ет, 50 дана жұмыртқа, бір дана қой терісі деп салық түсті. Біздің күн көрісімізге бір қап арпа, бір қап қара бидай бөледі. Екі қап астық алу үшін, салық төлеу керек, бірақ басқа түскен ауыртыпшылықты көтеріп, салықты төлейміз.

Соғыстың ауыр уақытында үлкендер әскерге алынбай, одан ересектері еңбек армиясына кетіп, колхозда біз қатарлы жас балаларымыз үлкендер мен қыздар және орта жастағы шешем қатарлы әйелдер мен жұбайлары әскерге кеткен жеңгелеріміз еректей еңбек етті. 1941 жылдың 22 маусым күні шөп шауып жүрген үлкендер, менің әкем, әкемнің немере ағасы Әлі, Сатқанғұл, ұлы Мұқабай, Дуанбекұлы Сүлейман, Омарұлы Шәріп, Ыстыбайұлы Қапаш ақсақалдар үшкі демалыс кезінде аспанда олай-бұлай ұшып бара жатқан ұшақтарға зер салып,

Әскерге кеткен Жұмаш ағамның өмірі жайлы жазайын...
1939 жылы әскерге кеткеннен кейін алғашқы хатында ол кісі Хабаровск өлкесінің Комсомольск қаласында әскери боршының 1942 жылдың сәуір айына дейін өтеді де, сол жерде болды. Әскерде жүріп үйге хат жазғанда, маған көп ақыл айтып жазатын. Ісіме адал болып, келешекте оқуымды жалғастыруымды, әсіресе орыс тілін үйренуімді менің әкеме үнемі тапсыратын. Әскерге барысымен бірге болған адамдардың айтуы бойынша, орыс тілін тез үйреніп, бөлімше командирі болған екен, өзінің алған еңбегіне маған дәлдей киім алып, үйге посылқа салушы еді. Хат келген сайын оқы, оқы адам бол деп ақыл айтатын. 1942 жылдың сәуір айында соңғы хатын алдық, онда енді хат жазбаңдар, соғысқа эшалонмен кетіп барамыз. Содан маусым айына дейін ешқандай хат-хабар болмады. Маусым айының аяғында соғыста қайтыс болды деген хабарлама алып, бір үйіміздің құлағанын сездік. Бұл кезде әкем Қарағанды қаласының 44-45 шахтасында еңбек армиясында еді. Үйімізде шешем, ағамның әйелі, үлкен апам екі кішкентай қарындасым бәріміз жылап-сықтап қалдық.

колхозынан Игенбайұлы Сыздық, өзімізге туыс Ахметұлы Әбек (Ақтөбе колхозынан) сияқты абзал азаматтар бірге аттанған еді. Осылардан соғыс аяқталғанда менің ағам Жұмаш, аталас туыстары Аманжол, Әбек және алыс ағаластар Нұрмағамбетұлары Әбілсейіт, Жансейіт сияқты абзал азаматтарымыз соғыста қайтыс болып, қалғандары аман-есен елге оралды.

Бізден үлкен жігіттер әскерге кеткеннен кейін колхозшы әйелдер мен қыздар бізбен бірге еңбек етті. Кейбір әйелдер жұмыста үлкен қажырлық көрсетіп, үлкен азаматтардай жұмыс атқарды. Солардың ішінде жеңгелеріміз Сәбила, Рымжан, Батима, Сәбила (апамыз болды), Аққыз, Тишбала, Тазақұл қыздардан Ақер, Әнуар, Бибисара жұмыста үлкендерден кем түспеді.

Жоғарыдағы аттары аталған жеңгелеріміздің жұбайлары Омар, Ахмет, Тиштықбай, Серікбай, Бейсенбай, Кәпестер Отан соғысында қаза болып, әйелдері қара жамылып қала берді. 8-9 жыл өткеннен кейін атана, қайынағаларынан рұқсат алып Сәбила, Рымжан, Тишбала, Тазақұл сияқты абзал жеңгелеріміз тұрмысқа шықты. Әрине, оларға тағатын үлкендердің кінесі жоқ, олар тұрмысқа шыққаннан кейін өмірге 3-4-тен ұрпақ әкеліп, кейінгі жылдары жастары ұлғайған соң, түрлі аурудан о дүниелік болып кетті, ал олардан қалған ұрпақтар ұлдары үйленіп, қыз балалары тұрмысқа шығып, өз алдына отау тігіп балалы шағалы болып, алды 60 жасқа келіп шағалар қатарына қосылды. Отан соғысында қайтыс болған, елге қайтып қалған ағаларымыз Жұмаш, Аманжол, Ахмет, Омар, Әбек, Омаш, Әбден, Сейтхан, Онкеш, Молдабек, Ысқақтан (Ақмедияұлы) ұрпақ қалмады. Егер бұлар тірі болса, өмірге қаншама ұрпақ әкелетін еді. Отан соғысында бір колхоздан 30-дан астамы елге оралмай, орны толмас қайғыға олардың отбасы дұшар болды.

Еске алу



Киікті ауылының тұрғыны болған, аяулы анамыз **Қожахметқызы Мәкеннің** дүниеден озғанына қараша айында 1 жыл толады.

Асыл анамызды сағына еске ала отырып, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын дей отырып, шөбересі Ерденнің төмендегі өлең шумақтарын арнаймыз.

Бір жыл өтті әжетай сіз кеткелі,
Сіз кеткенде есімде, күз жеткені.
Ойлаушы едім қайтқан күспен қайта оралып,
Көктемде келеді-ау деп іздеп мені.
Келмедің-ау әжетай келмедің-ау,
Сізді ойламай өтпеді бір күнім-ау.

Сағына еске алушылар: **балалары, күйеубала, келіндері, немере-шөбере, жиендері.**

Анамызға арналған жылдық ас қараша айының 6-шы жұлдызында Киікті ауылында беріледі.

№0001

Еске алу



Астана қаласының тұрғыны болған, анасының, бауырларының ақылшысы, жанашыр тірегі, арқа сүйер сүйеніші болған, кішкентай қызы Инжудің жан анасы **Абдильдина Дания Қайырболатқызының** дүниеден озғанына 7-ші қарашада 1 жыл толады.

Жұмысына тиянақты, жан-жағына нұрын шашқан ақ адал, жаны жайсаң жаны еді. Мейірімсіз ажал өмірге құштар жанды ортамыздан алып кетті. Ажалға кім араша тұра ала-ды. Кимас жанды сағынышпен еске ала отырып, топырағы торқа, жаны жәннатта, рухы жұмақтың төрінде болсын деп өлең шумақтарын дұға етіп арнаймыз.

Көре алмай тіршіліктің көп қызығын,
Инжудің көре алмай бар қылығын.
Бауырмал жан едің сен ортамызда,
Әттең-ай, ерте сөнді от ғұмырын.

Дания отбасына болдың пана,
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не жоқсың енді ортамызда,
Еске аламыз туған-туыс, баршамызда.

Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы,
Сағынышпен туғандары еске алады.
Мейірімді нұрға толы асыл бейнен,
Жадымызда мәңгілік сақталады.

Сағына еске алушылар: анасы - **Әмірайша**, қызы - **Инжу**, апа-жездесі - **Сағынай-Әлия**, бауырлары - **Нұржан, Маржан**, нағашы-апа жежделері - **Айдын-Орынқұл, Саят-Жанатай, Мұратай және нағашылары.**

Дания марқұмға арналған 1 жылдық асы Астана қаласындағы "Серуен" дәмханасында сағат 13.00-ден бастап беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолан, дос-жарандарын шақырамыз.

№0003

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақсу-Аюлы ауылы, Жан-құтты би көшесі 81-ші жер телімі (16 сотк) сатылады. Бағасы келісім бойынша. Байланыс телефоны: 8-702-503-92-91.

№0008

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО МКО "ТЕЗ КРЕДИТ" объявляет торги.

№0002

Герцен Виктор Андреевичтің атына Көктіңкөлі ауылындағы Әлихан негізгі мектебінде сегізжылдықты бітіргені жөнінде берілген куәлігі жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

№0003

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылдық округіне қарасты, Ақсу ауылының тұрғыны болған, қадірлі бауыр, асыл жар, ардақты әке, немерелерінің сүйікті атасы **Қабиев Серіктің** бақилық болғанына 12-ші қарашада 40 күн толады. Ардақты да асыл әкемізді еске алып, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын деп рухына дұға бағыштаймыз.

Немересі Назерке Саятқызының атасына арнауы

Ән саламын сағынғанда өзіңді,
Жебеп жүрші ата қара қызыңды.
Өзің едің мына өмірде тірегім,
Жалғап келем Алла деп ізіңді.

Тәрбиенді көріп өстік жасымнан,
Ешкім сіздей сипамаған басымнан.
Түсіне алмай қалдық ата артыңда,
Кетуінде болды-ау бізге тосыннан.

Еске алушылар: апасы - **Күлән**, бауыры - **Тілеуберлі**, зайыбы - **Зұбан, бауырлары, балалары, келіндері, немерелері.**

Марқұмның 40 күндік асы 7-ші қараша күні "Диар" дәмханасында беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолан, әкемізді танитын жамағатты шақырамыз.

№0007

Еске алу

Ардақты әкеміз, Киікті ауылының тумасы, Ақадыр кентінің тұрғыны болған **Тілеубеков Айткүл Сәмбетұлының** фәни дүниеден бақиға өткеніне 1 жыл толады. Марқұмның жатқан жері жайлы, жаны жәннатта, тәні рахатта болғанын бір Алладан сұрап дұға қыламыз.

1 жыл өтті асқар тауым құлағалы,
1 жыл өтті өзінді ансап жылағалы.
Әр күніміз сағынышпен өткенім,
Жүрегіміз әке деп соғады әлі.

Тәрбиенді көріп өстік жасымыздан,
Ешкім сіздей сипамаған басымыздан.
Түсіне алмай қалдық әке артыңда,
Кетуінде бізге болды тосыннан.

Асыл әке сағындық бір өзінді,
Мейірімді, ақ жарқын нұр жүзіңді.
Бауырына басымызды қойып еркелейтін,
Сағындық бақытты сол күнімізді.

Сағына еске алып, рухына тағзым етушілер: ата-анасы - **Сәмбет-Рахымаш**, жұбайы - **Гүлбарам**, балалары - **Ақылбек-Ақниет, Алтай-Зәмзәм, Шынар**, жиендері - **Әділет, Ерке Наз, Лияс**, туған-туыстары, нағашылары.

Марқұмға арналған 1 жылдық ас 14-ші қараша күні "Серік" дәмханасында сағат 13.00-де беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші -қолан, әкеміздің дос-жарандарын, әріптестерін шақырамыз.

№0004

Еске алу

Толышов Мирбек Женишұлы да қырғыз азаматы еді. Отыз алты жасында төтеннен келген ажалдан көз жұмды. Артында алды он екіде, арты сегіз айлық бес баласы мен жұбайы Гүлайым қалды. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын, кимас жан. Сен біздің мәңгі жүрегімізсің.

Ыстықкөлдін сен де бір ұланы едің,
Қазақтың мекен еттің құба белін.
Бес балама нан тауып беремін деп,
Жамап -жасқап тірлікті құрап едің.

Сүйген жарын анырап жесір қалды,
Бес балапан ұяда жетім қалды.
Тағдырдың бұл ісіне шара бар ма,
Жаның ізгі әке едің, бала жанды,-деп еске аламыз. Қып-қысқа ғұмырыңды перзенттерің ұзартсын деп тілейміз Жаратқаннан. Алла рухына жеңілдік берсін.

Еске алушылар: жұбайы - **Гүлайым**, балалары және **Сартбаевтар әулеті.**

Марқұмның 40 күндік асы 12-ші қараша күні Ақадыр кентіндегі "Жанса" дәмханасында сағат 11-ден бастап беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, бірге жұмыс істеген жора-жолдастарын, көрші-қоландарды шақырамыз.

№0003

Еске алу

Жұмыскер ауылының тумасы, Ақадыр кентінің келіні болған, ардақты баламыз, бауырымыз **Тележанова Жұлдыз Серікбайқызының** бақилық болғанына 5-ші қараша күні 40 күн толады.

Асыл жанды, сүйікті бауырымызды сағынышпен еске ала отырып, жатқан жерің жайлы, қабіріңде Алланың нұры жаусын деп рухына дұға бағыштаймыз.

40 күн болды жүзіңді көрмегелі,
Көкіректі сағыныш кернегелі.
Бауырларың өзіңді ойлап күрсінеді,
Көңілдің күмбір қаққан пернелері.
Жайлы жат, топырағың торқа болсын,
Дұғамыз қабыл болсын бағыштаған.

Еске алушылар: анасы - **Қалден**, жолдасы - **Ернар**, енесі - **Жадыра**, балалары - **Ернар, Нұртөре**, бауырлары, туған-туыстары.

Марқұмның 40 күндік асы 5-ші қараша күні Ақадыр кентіндегі «Нұрбол» дәмханасында сағат 11.00-ден бастап беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолан, бауырымыздың дос-жарандарын, әріптестерін шақырамыз.

№0005



ЖАРАМСЫЗ ДЕП САНАЛСЫН

Кешубаева Ұлболсын Берікқызының атына 2010 жылы Ә.Ермеков атындағы мектептен 9 жылдықты бітіргені жөнінде берілген куәлігі жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

№0001

Малшы Бакытжанның атына 10.03.2007 жылы берілген жылжымайтын мүлікті жеке-шелендіру жөніндегі комиссияның шешімі жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

№0003

ХАБАРЛАНДЫРУ

21.04.2015 жылы қайтыс болған Спатаев Жолдастың атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй.

№0002

03.04.2015 жылы қайтыс болған Балабаева Жанар Муратовнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй.

№0005

Открыто наследственного дела после смерти Вдовыченко Алексея Ивановича, умершей 09.05.2015 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой Г. Е по адресу Карагандинская область, Шетский район, пос.Агадырь, пр. Абая, дом 31.

№0006



ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА 2-қарашадан 8-қарашаға дейін

ДҮЙСЕНБІ, 2-қараша

Қазақстан
7.00 Таңшолпан.
8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 0.05, 3.00 KazNews.
9.55 Алға.kz. 11.00 «Серпіліс».
11.50 Дауа. 12.25, 5.30 Ақсауыт.
13.00 Бірге таңдаймыз.
14.10, 22.00 «Келін», т/х. 15.00 Әйел бақыты.
16.10, 0.55 «Жүрегім сізге аманат», т/х.
17.00, 5.00 Менің Қазақстаным.
17.55, 18.10 М/ф. 18.35 Жүзден жүйрік.
19.05, 4.35 Тарих толқынында.
20.20 Айтуға оңай. 21.05 «Біздің ағай», т/х.
22.55, 2.20 Түнгі студияда.
23.30 Көңілашар. 1.50 Sport.kz.
2.55 Еңбек түбі – береке.

3.50 «Көк тарландары», т/х.
Хабар
7.02 Білгенге маржан. 8.00, 9.00 Жаңа күн.
10.00 Жеті күн.
11.00, 1.20 «Әр үйдің сыры басқа», т/х.
11.35 Подари детям жизнь.
11.40 Магия кухни. 12.15, 12.35 М/ф.
13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 0.20,
2.40 Жаңалықтар, новости.
13.15 «Кулагин и партнеры», т/с.
14.10 Т/с «Условия контракта».
15.15, 1.55 Бұйымтай.
16.00 «Өмір сабақтары», д/ф.
16.30 «Кеңесшілер», т/х.
17.10 «Болашағым өз қолымда», т/х.
18.15 «Агент Z», т/х. 19.00 ТВ-Бинго.
20.30 Арнайы хабар. 21.30 «Қыз жолы», т/х.

22.20 Т/с «След». 23.05 Көзқарас.
23.35 Жекпе-жек.

Евразия
6.00 Жить здорово!
6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости.
7.00 Доброе утро. 11.00 Т/с «Пятницкий».
12.00, 23.50 X-Factor.
12.10, 20.40 «Сүйген жар», т/х.
13.05 Әйел сыры. 14.10 Т/с «Сваты-4».
15.20 Первые новости. 15.30 Судебные истории. 16.30 Давай поженимся.
17.40 Пусть говорят.
18.55 Т/с «Красивая жизнь».
22.20 «Джодха және Ақбар».
23.25, 2.25 П@утina. 0.00 Т/с «Пауч».
2.50 Т/с «Ментовские войны-5»
3.35 Контрольная закупка.

СЕЙСЕНБІ, 3-қараша

Қазақстан
7.00 Таңшолпан.
8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 0.05, 3.00 KazNews.
10.00, 21.05 «Біздің ағай», т/х.
10.50 «Сырғалым», т/х.
11.45, 20.20 Айтуға оңай...
12.30, 23.30 Көңілашар.
13.00, 1.50 Бірге таңдаймыз.
14.10, 22.00 «Келін». 15.00 Әйел бақыты.
16.10, 0.55 «Жүрегім сізге аманат», т/х.
17.05 Sport.kz. 17.55, 18.10 М/ф.
18.35 Жүзден жүйрік.
19.05, 5.30 Қылмыс пен жаза.
22.55, 2.20 Түнгі студияда. 1.50 Дауа.
2.55 Еңбек түбі – береке.
3.50 «Көк тарландары», т/х.

4.40 Серпіліс.

Хабар
7.02 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн.
10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00,
21.00, 0.05, 2.25 Жаңалықтар, новости.
10.10, 22.20 Т/с «След». 10.50 Экономкласс.
11.10, 1.05 Т/х «Әр үйдің сыры басқа».
11.40 Магия кухни. 12.10 Подари детям жизнь.
12.15, 21.30 «Қыз жолы», т/х.
13.15 «Кулагин и партнеры», т/с.
14.10 Т/с «Условия контракта».
15.15, 1.40 Бұйымтай.
16.00 «Өмір сабақтары», д/ф.
16.30 «Кеңесшілер», т/х.
17.10 «Болашағым өз қолымда», т/х.
18.15 «Агент Z», т/х. 19.05 Біздің үй.
20.30 Бюро расследований.
23.05 Көзқарас. 23.35 Арнайы хабар.

Евразия
6.00 Жить здорово!
6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости.
7.00 Доброе утро.
11.00 Т/с «Пятницкий».
12.00, 23.50 X-Factor.
12.10, 20.40 «Сүйген жар», т/х.
13.10 Ашығын айтканда.
14.10 Т/с «Сваты-4».
15.20 Первые новости.
15.30 Судебные истории.
16.30 Давай поженимся.
17.40 Пусть говорят.
18.55 Т/с «Красивая жизнь».
22.20 «Джодха және Ақбар».
23.25, 2.25 П@утina. 0.00 Т/с «Паук».
2.50 Т/с «Ментовские войны-6»
3.35 Контрольная закупка.

СӨРСЕНБІ, 4-қараша

Қазақстан
7.00 Таңшолпан.
8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 0.05, 3.00 KazNews.
10.00, 21.05 «Біздің ағай», т/х.
10.50 «Сырғалым», т/х.
11.45, 20.20 Айтуға оңай...
12.30, 23.30 Көңілашар.
13.00 Бірге таңдаймыз.
14.10, 22.00 «Келін», т/х.
15.00 Әйел бақыты.
16.10, 0.55 «Жүрегім сізге аманат», т/х.
17.05, 4.35 Келбет. 17.55, 18.10 М/ф.
18.35 Жүзден жүйрік.
19.05, 1.50, 5.35 «ШҚО «Үміт»».
22.55, 2.30 Түнгі студияда.
2.10 Агробизнес.
3.50 «Көк тарландары»
5.00 Дауа.

Хабар
7.02 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн.
10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00,
21.00, 0.05, 1.40 Жаңалықтар, новости.
10.10 Подари детям жизнь.
10.15, 22.20 Т/с «След».
11.10, 1.05 Т/х «Әр үйдің сыры басқа».
11.45 Магия кухни.
12.15, 21.30 Т/х «Қыз жолы».
13.10 «Кулагин и партнеры», т/с.
14.05 Т/с «Условия контракта».
15.15, 19.05 Біздің үй.
16.00 «Өмір сабақтары», д/ф.
16.30 «Кеңесшілер», т/х.
17.10 «Болашағым өз қолымда», т/х.
18.15 «Агент Z», т/х.
20.30 «100 бизнес тарихы».
23.05 Көзқарас.
23.35 Бюро расследований.

Евразия
6.00 Жить здорово!
6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости.
7.22 «101 кеңес».
8.15 ДоРе. Алла Пугачева.
11.00 Т/с «Пятницкий».
12.00, 23.50 X-Factor.
12.10, 20.40 «Сүйген жар», т/х.
13.10 Ашығын айтканда.
14.10 Т/с «Сваты-4». 15.20 Первые новости.
15.30 Судебные истории.
16.30 Давай поженимся. 17.40 Пусть говорят.
18.55 Т/с «Красивая жизнь».
22.20 «Джодха және Ақбар»
23.25, 2.25 П@утina. 0.00 Т/с «Паук».
2.50 Т/с «Ментовские войны-6».
3.35 Контрольная закупка.

БЕЙСЕНБІ, 5-қараша

Қазақстан
7.00 Таңшолпан.
8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 0.05, 3.00 KazNews.
10.00, 21.05 «Біздің ағай», т/х.
10.50 «Сырғалым», т/х.
11.45, 20.20 Айтуға оңай...
12.30, 23.30 Көңілашар.
13.00 Бірге таңдаймыз.
14.10, 22.00 «Келін», т/х. 15.00 Әйел бақыты.
16.10, 0.55 «Жүрегім сізге аманат», т/х.
17.05, 5.05 «Қазақ даласының құпиялары», д/ф. 17.55, 18.10 М/ф.
18.35 Жүзден жүйрік.
19.00, 1.50 Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс. 22.55, 2.25 Түнгі студияда.
3.50 «Көк тарландары», т/х.
4.40 Жан жылуы.

Хабар
7.02 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн.
10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00,
21.00, 0.05, 1.40 Жаңалықтар, новости.
10.10 Подари детям жизнь.
10.15, 22.20 Т/с «След».
11.10, 1.05 «Әр үйдің сыры басқа», т/х.
11.45 Магия кухни.
12.15, 21.30 «Қыз жолы».
13.15 «Кулагин и партнеры», т/с.
14.10 Т/с «Условия контракта».
15.15 Біздің үй.
16.00 «Өмір сабақтары», д/ф.
16.30 «Кеңесшілер», т/х.
17.10 «Болашағым өз қолымда», т/х.
18.15 «Агент Z», т/х. 19.05 Жекпе-жек.
20.30 «На бескрайних просторах времени», д/ф.
23.05 Көзқарас.

23.35 «100 бизнес тарихы».

Евразия
6.00 Жить здорово!
6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости.
7.00 Доброе утро.
11.00 Т/с «Пятницкий».
12.00, 23.50 X-Factor.
12.10, 20.40 «Сүйген жар», т/х.
13.10 Ашығын айтканда.
14.10 Т/с «Сваты-4». 15.20 Первые новости.
15.30 Судебные истории.
16.30 Давай поженимся. 17.40 Пусть говорят.
18.55 Т/с «Красивая жизнь».
22.20 «Джодха және Ақбар»
23.25, 2.25 П@утina. 0.00 Т/с «Паук».
2.50 «Ментовские войны-6».
3.35 Контрольная закупка.

ЖҰМА, 6-қараша

Қазақстан
7.00 Таңшолпан.
8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 0.10, 3.00 KazNews.
10.00 «Біздің ағай», т/х.
10.50 «Сырғалым», т/х.
11.45 Айтуға оңай...
12.30 Көңілашар.
13.00 Бірге таңдаймыз.
14.10, 22.15 «Келін», т/х.
15.00 Әйел бақыты.
16.10, 0.55 «Жүрегім сізге аманат», т/х.
17.05, 4.15 Жан жылуы.
17.55 М/ф.
18.10 «ШҚО «Үміт»».
18.30, 1.50 Иман айнасы.
18.55 Менің Қазақстаным.
20.00, 0.40, 3.30 Парламент.

20.15, 2.15 «Серпіліс».
21.05 Намыс дода.
23.15 Сіз не дейсіз?
23.45, 5.10 Жайдарман.
4.35 Ғасырлар үні.

17.45, 20.30 Turkvizyon-2015.
21.30 Жанды дауыс.
0.30 «Жаным», т/х.

Хабар
7.02 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн.
10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00,
21.00, 23.30, 2.30 Жаңалықтар, новости.
10.10 Подари детям жизнь.
10.15 Т/с «След».
11.10, 2.00 Т/х «Әр үйдің сыры басқа».
11.45 Магия кухни.
12.15 «Қыз жолы», т/х.
13.15 «Кулагин и партнеры», т/с.
14.10 Т/с «Условия контракта».
15.15 Бұйымтай.
15.55 «Өмір сабақтары», д/ф.
16.25 Бармысың, бауырым?
17.15 Тур де Хабар.

Евразия
6.00 Жить здорово!
6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости.
7.00 Доброе утро
11.00 Т/с «Пятницкий».
12.05, 20.40 «Сүйген жар», т/х.
13.00, 2.25 Ашығын айтканда.
14.00 Жұма уағзы.
14.15 Следствие покажет...
15.20 Первые новости.
15.30 Каникулы «РИО».
17.25 Жди меня.
18.40 Поле чудес.
22.20 «Джодха және Ақбар»
23.25 «Паук», т/с.
2.00 П@утina.
3.20 Модный приговор.
4.15 Т/с «Ментовские войны-6»

СЕНБІ, 7-қараша

Қазақстан
7.00 Қымызхана. 7.30 Концерт.
8.35, 5.40 Агробизнес.
9.00 «Сенбілік тан».
10.05 Қазақстан дауысы.
11.50, 3.45 Дауа. 12.25, 5.00 Ас болсын!
13.10 «Сөздің пірі Сүйінбай»
16.20, 1.05 «Жаңа қоныс», т/х.
17.30, 4.15 Білгірлер бөйгесі.
18.20, 2.05 «Әсерлі ән сал, домбыра!».
19.30, 0.30, 3.10 KazNews.
20.05 Үздік әндер. 21.00 Сенбілік кездесу.
22.35 Жайдарман.

Хабар
7.02 Концерт. 8.30 Бармысың, бауырым.
9.10 Продвопрос.
9.30 Ұлт саулығы.
10.00, 10.20 М/ф.
11.50 Х/ф «Ослиная шкурка».
13.00 Орталық хабар
14.00 Жанды дауыс.
15.50 «Мен – чемпион».
16.25 «Наш футбол», д/ф
16.55 Х/ф «Козы».
18.35 Ду-думан.
19.45 Бенефис-шоу. 21.00 Жеті күн.
22.00 Х/ф «Остров проклятых».
0.30 «Жаным», т/х.
2.00 «Ұйқыдағы ару», сп.

Евразия
6.00, 3.20 Х/ф «Ментовские войны-6».
7.50 Таңғы пошта.
8.25 П@утina.
8.50, 23.30 Новости, жаңалықтар.
9.00 Смак.
9.40 Х/ф «Идеальная пара».
11.45 Фабрика грез. 12.10 Әйел сыры.
13.20, 2.55 «101 кеңес».
13.45, 2.25 Караоке-такси.
14.25 П@утina+.
15.20 Х/ф «Осыаньтесь навсегда».
20.00 Первая программа.
20.30 X-Factor.
22.00 Кешкі кездесу.
0.00 Х/ф «Метод».

ЖЕКСЕНБІ, 8-қараша

Қазақстан
7.00 Қымызхана.
7.30 Концерт.
9.00, 4.05 Ақсауыт.
9.30 Бүгін жексенбі.
11.05 Баламен бетпе-бет.
11.25 М/ф.
12.05 Айгөлек.
13.10 «Сөздің пірі – Сүйінбай».
15.45, 3.25 Жарқын бейне.
16.15 Намыс дода.
17.25 Өзіл әлемі.
20.00, 0.50 Алға.kz.
21.00 Қазақстан дауысы.

22.50 «Жиде. Кешіккен махаббат», к/ф.
0.10 Көкпар.

Хабар
7.02 «Үгәй, арман» атты концерт.
8.30 Айбын.
9.00 Жеті күн.
10.00 Ас арқау.
10.30 «Я – чемпион».
11.00 М/ф.
12.00 Х/ф «Йоринда и Йорингель».
13.10 Тағдыр жолы.
13.40 Бенефис-шоу.
14.55 Премьер-лига. Астана – Ақтөбе.
17.00 КВН.
18.30 «Қызықtimes».
19.45 Ду-думан.
21.00 Жеті күн.

22.00 Х/ф «Четыре пера».
0.15 «Жаным», т/х.
2.15 «Үміт үзігім келмейді», сп.

Евразия
6.00, 3.30 «Ментовские войны -6», т/с.
8.30 Жаңалықтар, новости.
8.45 Воскресные беседы.
9.00 Здоровье.
10.10 Казлото.
10.50 «М.Магомаев. От первого лица».
12.00, 23.05 Ән дария.
13.05 Кешкі кездесу.
14.35 X-Factor.
16.30 Х/ф «Любить нельзя ненавидеть».
21.00 Аналитика.
22.00 П@утina+.
0.10 КВН.

Приложение 1
к Методике ежегодной оценки деятельности
административных государственных служа-
щих корпуса «Б» аппарата Шетского районного
маслихата

форма

Оценочный лист непосредственного руководителя

Ф.И.О. оцениваемого служащего: _____
Должность оцениваемого служащего: _____

№ п/п	Критерий	Значение показателя	Оценка (баллы)
1.	Инициативность Качество исполнения должностных обязанностей	от 2 до 5	8
2.		от 2 до 8	
3.	Способность к сотрудничеству Соблюдение служебной этики	от 2 до 5	5
4.		от 2 до 5	
Итого (сумма всех оценок):			

Ознакомлен(а) Служащий (Ф.И.О.) _____ Непосредственный руководитель (Ф.И.О.) _____
дата _____ дата _____
подпись _____ подпись _____

Приложение 2
к Методике ежегодной оценки деятельности
административных государственных служа-
щих корпуса «Б» аппарата Шетского районного
маслихата

форма

Лист круговой оценки

Ф.И.О. оцениваемого служащего: _____
Должность оцениваемого служащего: _____

№ п/п	Критерий	Значение показателя	Оценка (баллы)
Подчиненный			
1.	Умение планировать работу Умение мотивировать к работе Соблюдение служебной этики	от 2 до 5	5
2.		от 2 до 5	
3.		от 2 до 5	
Итого (сумма всех оценок):			

Коллега			
1.	Умение работать в команде Соблюдение служебной этики Качество исполнения должностных обязанностей	от 2 до 5	5
2.		от 2 до 5	
3.		от 2 до 5	
Итого (сумма всех оценок):			

Приложение 3
к Методике ежегодной оценки деятельности
административных государственных служа-
щих корпуса «Б» аппарата Шетского районного
маслихата

форма

Протокол заседания Комиссии по оценке

(наименование государственного органа)

№ п/п	Ф.И.О. служащего	Оценка непосредственного руководителя	Круговая оценка	Итоговая оценка
1				

Заключение Комиссии: _____

Проверено:
Секретарь Комиссии: _____ Дата: _____
(Ф.И.О., подпись)
Председатель Комиссии: _____ Дата: _____
(Ф.И.О., подпись)
Член Комиссии: _____ Дата: _____
(Ф.И.О., подпись)

**«Шет ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі»
ММ-ің 2015 жылдың 4 тоқсанында
азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін
ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Қабылдауды жүргізетін тұлғаның аты-жөні	Қабылдау уақыты	Мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Бөлім басшысының міндетін атқарушы	Ғабдуллин Бауыржан Мейрамулы	Сәрсенбі-жұма сағ: 15.00-17.00 аралығы	Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 141 «а»	21-2-70

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

«Шет ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметкерлер тарапынан «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдары мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің нормаларын бұзу фактілері болған жағдайда ақпаратты хабарлау үшін 8 (71031) 21-2-70 сенім телефоны жұмыс істейді.

ЕСКЕ АЛУ

Ақадыр кентінің тұрғыны болған аяулы ана, асыл әже, ардақты апа **Алипова Сайран Сәтқалиқызының** фәниден бақиға озғанына 1 жыл толады.

Анамыздың жатқан жері жайлы болып, пейіштің төрінен орын бұйыртысын дейміз.

Қарайлап кара көзін талды ма екен?
Елжіреп ет-жүрегің жанды ма екен?
Апыр-ай ай мен күннің аманында,
Айырылып қалай сенен қалдым екен.

Еске алып елжіреген сөзіңді мен,
Көрсем деп елесіңді көзімді ілем.
Жанымды қоятұғын жер таппаймын,
Анашым, аңсағанда өзіңді мен.

Өсірдің, еркелеттің, тұлымдалдың,
Әжетай, ұмытпаймыз мұның бәрін.
Дұғаларын бағыштайды өзіңе Әже,
Сағынышпен еске алып құлындарың.

Сағына еске алушылар: **балалары, немерелері, бауырлары.**

Анамыздың жылдық асы 6-шы қараша күні сағат 11.00-ден бастап “Серік” дәмханасында беріледі. Асқа туган-туыс, құла-жекжат, көрші-қолан, дос-жарандарын, анамыздың әріптестерін, көзін көргендерді шақырамыз.



Құттықтаймыз!



Жұмыскер ауылының тұрғыны, ардақты ана, немерелерінің сүйікті әжесі **Құсайынова Тлеукеші** қараша айының 1-ші жұлдызында 70 жасқа толатын мерейтойымен құттықтаймыз.

Жан ана, мерейтойыңыз құтты болсын дей отырып, жүзіңізден шуақ кетпей ортамызда жүре беріңіз.

Біз тілейміз өзіңізге амандық,
Кездеспесін жолыңызда
жамандық.

Алла берген бар нәсіпті теріңіз,
Бар қызығын бұл өмірдің көріңіз.

Зор денсаулық біз тілейміз әрқашан,
Жете бергін армандарға аңсаған.
Өмірдің мәні болған ұрпағыңыз,
Мол қуаныш сыйлай берсін әрқашан.

Игі тілекпен, құттықтаушылар: **қыздары, ұлдары, күйеубалалары, келіндері, немерелері.**

№0001

Оқушылар
қаламынан

ҰСТАЗЫМ

Алғашқы менің ұстазым,
Білімнің нәрін дарытқан.
Қаламымды ұстатып,
Жазуға мені үйреткен,
Ұстазым саған мың алғыс.

Айым **НАРКЕСКЕНОВА,**
3 "б" сынып оқушысы.
С.Сейфуллин кенті.

АЛТЫН КҮЗ

Жомарт көңіл жарқын күз,
Сары алтынға малынған.
Жеміс-жидек, тәтті алма,
Қабыл алдық сыйды біз.

Әсия **КӘРІМОВА,**
Жұмыскер ауылы.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Садыбеков Сәулебай
Медетбекұлы!**

Сізді 1-ші қараша күні Пайғамбар жасы 63-ке толып зейнеткерлік демалысқа шығуыңызбен құттықтаймыз. Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін абзал азамат ретінде жақсы білеміз. Өзіңіз еңбегіңізді арнаған осы саланы дамытуға сіңірген белсенді қызметіңіз біздерге үлгі-өнеге. Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізден зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Қоғам игілігі жолында атқарған қажырлы еңбегіңіздің зейнетін көре беріңіз.

Топтан озған жүйрігі сіз халқынның,
Беріктігін сол аңғартқан антыңның.
Жүзіңізден кетпесінші жылылық,
Басыңыздан кетпесінші жарқын күн.

Қыз-ұл өсіп кенейді әркез өрісіңіз,
Шаршамалыңыз, шалдықпадыңыз ел үшін.
Токсан асып, жүзге жеткін дейміз біз,
Көре бергін зейнетіңнің жемісін.

Игі тілекпен, құттықтаушылар: **Ақсу-Аюлы атыраптық пошта байланыс бөлімі ұжымы.**

№0003

Алтын күз

САРЫ АЛТЫНДАЙ САРЫ КҮЗ

Бүлдіршіндердің ұясы аудан орталығындағы «Балдырған» балабақшасында «Сары алтындай сары күз» атты мерекелік кеш өткізілді. Табиғатты ерекше құбылттып, айналамыз сары түске боялатын, қамбамыз астыққа толатын, бөріміз асыға күтетін, сағындырған сырмен көңілге қуаныш ұялатағын, шашылған сары нұрмен шуақ болып тарайтын берекелі мезгіл күз айына арналған мерекені балабақшадағы «Қарлығаш» тобының бүлдіршіндері үлкен дайындықпен келгендіктерін байқатты. Бүлдіршіндерге арналған мерекенің мәнді де мағыналы өтуіне балабақша тәрбиешілері Күлеша Әубекірова, Назгүл Түсіпханова, Зәуре Қасқатаевалардың көп еңбек сіңіргенін тілге тиек етуге болады.

Алғаш мерекені ашқан бүлдіршіндер «Жемістер мен көкөністер» өнін қосыла шырқап, кештің сөнін аша түсті. Бұдан соң бүлдіршіндер Алтын күз ханшайымын құрметпен ортаға шақырды. Олар ханшайыммен бірге қосыла өн шырқап, күз туралы тақпақтарын айтып, «Кім жылдам» ойынын ойнады. Ал, Мадина, Алтынай, Раяна, Айзере, Томирестер «Қол шатыр» биін



мың бұрала орындаса, кішкентай өңші қыздар Айша «Жапырақтар», Мадина «Апорт деген тәтті алма» өндерін сыйға тартты. Бүлдіршіндер Дәуір, Айша, Нұрғанат, Назерке, Тамерлан, Алтынай, Айғанат, Нұрайлар өзбек биін нақышына келтіре орындаса, «Алма» биімен мың бұрала ортаға шыққан Жұлдыз, Раяна, Айару, Аружан, Айғаным, Еркеназ, Алиналарға жиналғандар қуана қол соқты.

Мерекенің сөнін аша түскен Нұрғанат «Күз жомарт» өнімен көпшілікті баурап алса, Алтынай «Қошақан» өнін тамаша

орындап шықты. «Жастар» биімен көпшілікті таң қалдырған Нұрасыл, Әбілмансұр, Бекнұр, Айсандарға да қуана қол соғылды.

Алтын күзге арналған мерекенің соңында бүлдіршіндер «Жау жаңбыр» өнін қосыла шырқады.

Балалардың қуанышына қосыла қуанып, биіне елтіп билеген ата-аналар осындай қызықты кеш өткізген балабақша ұжымына алғыстарын білдіріп, ризашылықпен тарасты.

«Қарлығаш» тобының ата-аналары.

Құттықтаймыз!

Шет аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, абзал азамат **Садыбеков Сәулебай Медетбекұлы** 63 зейнеткерлік жасқа толуымен құттықтаймыз.

Сіздің еңбек жолыңыз өзіңізбен қанаттас жүрген әріптес-теріңіз, тілектес дос-жаран үшін зор мақтанш. Сіздің еңбек жолыңыз жас ұрпаққа қашанда үлгі-өнеге.

Қадірлі **Сәулебай Медетбекұлы!**

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға ырыс-береке, өміріңіз сыйластық пен қуанышқа толы болып, алдағы мұрат мақсаттарыңыздың орындалып, ұрпақтарыңыздың қызық-қуанышына кенеліп, бейнетіңіздің зейнетін көре беруіңізге тілектеспіз.

Үміт оты елестетер ертеңін,
Азаматы ғажайып бір өлкенің.
Кеше-жигіт, бүгін болып ақсақал,
Көтеріпті 63-тің желкенін.

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Жүзге жетіп баянды ғұмыр кешіп,
Арта берсін абырой, беделіңіз.

Ізгі тілекпен, **аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ұжымы.**

№0001

«Қуыршақ» биімен ортаға шыққан биші қыздар да мың бұрала би билесе, Рокен роу биімен Арнұр, Маржан, Өмірәлі, Саялылар қонақтардың жүрегіне жылылық ұялатты.

Бұдан соң бүлдіршіндердің қатысуымен «Шалқан» ертегісі қойылды. Шалдың образын Нұрислам, әжені Адина, немересін Көркем, күшікті Нұрдеулет, мысықты Нұрай, тышқанды Даниял сомдап, кішкентай болса да өздерінің өнерге деген қабілеттерін байқатты. Күз мерекесінде Айсұлтанның орындауында «Қошақан» өні, Айзере «Қарлығаш» өні орындаса, «Қамажай» биін Көркем, Гүлсезімдер де тамаша билеп берді. Мерекеде бір топ бишілердің орындауындағы «Жанбыр», «Жалқаубек», «Африка» билері де сәтті шықты.

Сондай-ақ, балабақшада алтын күз мерекесіне орай «Күзгі бақ» көрмесі ұйымдастырылып, оған жас бүлдіршіндердің ата-ларымен бірігіп жасаған әр-түрлі

мүсіндері қойылды. Көрме жетімпаздарына мақтау қағаздарымен, шағын сыйлықтар тарту етілді.

Алтын күз мерекесіне арналған кеште бүлдіршіндер «Апорт деген тәтті алма» өнін орындаса, сұлу қыздарымыз сән көйлектерін көрсетті.

Мерекенің көңілді өтуіне «Балапан» тобының тәрбиешілері М.Бекетаева, М.Туғанбекова, Марал аялар белсене атсалысты. Мереке соңында бүлдіршіндерге сыйлықтар берілді.

Ш.ӘБДИЕВА.

КҮЗ - ЖОМАРТ

Жақында «Нұрдеулет» балабақшасында «Күз-жомарт» атты ертегілік болып өтті. Алғаш мерекені сән салтанатымен ашқан жүргізуші барлық бүлдіршіндерді, ата-аналарды, қонақтарды мерекеміз құттықтап, Күз ханшайымын ортаға шақырды.

Мерекеде бүлдіршіндер «Күз жомарт» өнін хормен орындап, Нұрай, Аделя, Айару, Инабат, Гули, Нұрислам, Арнұр, Немат, Өмірәлі, Саялы, Ділназ, Әли, Сезім, Әлихан, Еркежан, Адина, Айзере, Зағар, Нұрбота, Арнұр, Бекжандар әр түрлі күздің жеміс-жидектері мен көкөністеріне қатысты тақпақтарын айтып берді.

